

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АЗА ТҰТУ КҮНІ

Мемлекет басшысының өкімімен 2026 жылғы 25 қыркүйек Қазақстанда жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланды. Мұндай шешім Маңғыстау облысында қызметтік міндетін атқару кезінде әскери қызметшілердің қаза табуына байланысты қабылданды.

Қайғылы жағдай 24 қыркүйекте Каспий теңізінің жағалауында Әскери-теңіз күштерінің оқу-жаттығуы кезінде болған. Ресми мәліметке сәйкес, оқу-жауынгерлік міндеттерді орындау барысында ауа райы күрт бұзылып, жел күшейген. Соның салдарынан бір топ әскери қызметші теңізде қаза тапқан.

Оқиғадан кейін іздеу-құтқару жұмыстары басталып, оған тиісті күштер мен арнайы техника жұмылдырылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қаза тапқан әскери қызметшілердің туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтты.

Мемлекет басшысы Үкіметтік комиссияға қайғылы оқиғаның барлық мән-жайын жан-жақты анықтауды тапсырды. Сонымен қатар, қаза тапқандардың отбасыларына қажетті көмек көрсету жөнінде тапсырма берілді.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«ҰЛТ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН БИІК ТҰРУҒА ТИІС»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 23 қыркүйекте өткен Қазақстан Халық Кеңесінің бірінші сессиясына қатысып, Кеңес төрағасы лауазымына Ерлан Қошановтың кандидатурасын ұсынды. Дауыс беру қорытындысы бойынша Е.Қошанов Қазақстан Халық Кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Ал 24 қыркүйекте Қазақстан Халық Кеңесі бірінші сессиясының негізгі отырысы өтті. Мемлекет басшысы жиынның ашылуында сөз сөйлеп, жаңа конституциялық органның мақсат-міндеттерін санамалап айтып, саяси салмағын саралады.

«Еліміздің ең жоғары консультативтік мекемесі – Қазақстан Халық Кеңесінің алғашқы сессиясының ашылуы баршаңызға құтты болсын! Бүгін еліміз үшін аса маңызды күн, шын мәнінде тарихи оқиға деп айтуға толық негіз бар», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзінде, ең алдымен, Халық Кеңесінің Құрылтайға балама мекеме емес екенін баса айтты. Мемлекет басшысы атап өткендей, екі институт бір-бірінің құзыретіне араласпай, керісінше, өзара үйлесімді жұмыс істеуге тиіс. Заң жобаларын әзірлеу кезінде жұртшылықтың пікірі мен талап-тілегін ескеру де осы байланыстың маңызды бөлігі болмақ.

«Қазақстан Халық Кеңесі – баламасы жоқ, мүлде жаңа, инновациялық институт. Әділетті Қазақстанның жарқын символы саналатын бұл құрылымның жөні де, жолы да өзгеше. Сондықтан Кеңестің алғашқы мүшелеріне зор жауапкершілік

жүктеледі. Осы мәртебелі әрі беделді құрылымның табысты жұмысы сіздердің табанды еңбектеріңізге байланысты болмақ. Сіздер қоғамның мемлекетке деген сенімін нығайтып, ел бірлігін күшейтуге жол ашатын игі істердің бастауында боласыздар. Әрине, жол бастау оңай болмасы анық. Бірақ бір жағынан, бұл – үлкен құрмет және зор мүмкіндік. Сіздер, халықпен етене байланыс орнатып, жасампаз бастамалар көтеру арқылы мемлекеттік басқару жүйесіне, тіпті, ел тағдырына ықпал ете аласыздар. Ең бастысы, ұлт мүддесі бәрінен биік тұруға тиіс», – деп атап көрсетті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қазақстан халқының бірлігін нығайту мәселесіне арнайы тоқталды. Халық Кеңесі Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың үздік тәжірибесін жалғастырып, этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға атсалысуға тиіс деп мәлімдеді. Сондай-ақ, этномәдени орталықтарды, театрларды, бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау, тарихи мұраны сақтау және медиация институтын дамыту мәселелерін кеңінен талқылады.

Президент мемлекеттік тіл мәселесіне

де назар аударды. Жиында қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп келе жатыр деп мәлімдеді. Әлеуметтік желілердегі ұлт-аралық араздықты қоздыратын арандатушылық әрекеттерге құқық қорғау органдары мен қоғам бірлесіп қарсы тұруы керек екенін атап өтті. Сондай-ақ, қала мәдениетін дамытуға қатысты пікір-пайымын да ортаға салды.

Президент сөзінше, Халық Кеңесінің тағы бір негізгі міндеті – өңірлермен тығыз байланыс орнатып, олардың мүддесін қорғау. Себебі, Кеңестің үштен бірін аймақ өкілдері құрайды. Осы арқылы ауыл, аудан және облыстардағы мәселелер республика деңгейінде жүйеленеді.

Сессияда кадр тапшылығы мәселесі де көтерілді. Президенттің сөзінше, 2035 жылға дейін Қазақстанға 2,9 миллион маман, оның ішінде 1,8 миллион жұмысшы маман қажет болады. Осыған байланысты кәсіптік білім беру, дуальді оқыту және қысқа мерзімді даярлау бағдарламаларын дамытуға мән беру керек екенін айтты.

Қазақстан Халық Кеңесінің бірінші сессиясында бірқатар қоғамдық бірлестік өкілдері сөз сөйледі. Мемлекет басшысы алғашқы сессияда алдағы маңызды мақсат-міндеттердің айқындалғанын әрі Халық Кеңесінің алғашқы құрамына кәсіби, отаншыл, беделді азаматтар енгенін атай келіп, кеңес мүшелерінің мемлекеттік мүдде жолында табанды қызмет етеріне сенім білдірді.

Дастан ҚАСТАЙ.
(Дереккөз: t.me/aqorda_resmi).



ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГТЫҢ ЖАҢА ИНСТИТУТЫ

Қазақстанның саяси институттары жүйесінде жаңа конституциялық органның жұмысы басталды. 23-24 қыркүйекте Астанада Қазақстан Халық Кеңесінің алғашқы сессиясы өтті. 22 қыркүйекте Мемлекет басшысының Жарлығымен Кеңестің 126 мүшеден тұратын құрамы бекітіліп, алғашқы сессияны шақыру туралы өкімге қол қойылды. Осылайша бұрын қоғамдық пікірді жинақтау мен билік пен қоғам арасындағы байланысты күшейтуге бағытталған түрлі консультативтік алаңдардың тәжірибесі енді конституциялық мәртебесі бар жаңа институт аясында жалғасатын кезеңге өтті.

Конституциялық мәртебе

Қазақстан Халық Кеңесінің ерекшелігі оның жәй ғана қоғамдық кеңес емес, Конституцияда бекітілген жоғары консультативтік орган ретінде қалыптасуында. Конституцияның 70-бабында Кеңес Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган ретінде айқындалған. Ал 71-бап оған ішкі саясаттың негізгі бағыттары, қоғамдық келісім, жалпыұлттық бірлік пен ынтымақ, жалпыұлттық құндылықтар жөнінде ұсыныстар әзірлеу, Құрылтайға заң жобаларын енгізу және жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтеру сияқты өкілеттіктер береді.

Мұнда маңызды мәселе Кеңестің қоғамдық-саяси жүйедегі орны. Ол Парламенттің немесе Үкіметтің функцияларын алмастырмайды. Оның негізгі рөлі қоғамдағы әртүрлі пікірлер мен мүдделерді жинақтап, оларды мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне ұсыну. Демек, Халық Кеңесінің тиімділігі оның қаншалықты көп мәселені көтергенімен ғана емес, қоғамнан келген ұсыныстардың мемлекеттік саясат пен заң шығару үдерісіне қаншалықты сапалы қатысуымен өлшенбек.

Кеңес құрамының өзі осы міндетке сай жасақталғанын көруге болады. Президенттің 22 қыркүйектегі Жарлығымен 126 азаматтың кандидатурасы бекітілді. Олардың арасында қоғамдық кеңестердің мүшелері, мәслихат депутаттары, қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер, кәсіподақ өкілдері, ғалымдар, журналистер, мәдениет және спорт саласының өкілдері, сарапшылар, жастар ұйымдары мен этномәдени бірлестіктердің жетекшілері бар. Мұндай құрам Кеңестің негізгі функциясының бірі қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік және кәсіби топтардың пікірін бір алаңға жинақтау екенін көрсетеді.

Мысалы, оның құрамында Қазақстан халқының этномәдени байлығын білдіретін ұйымдармен қатар, мүмкіндігі шек-



(Дереккөз: Akorda.kz)

теулі азаматтардың құқығын қорғау, экология, білім, кәсіпкерлік, ақпарат, ғылым, мәдениет және спорт салаларының өкілдері бар. Бұл жағынан Халық Кеңесін Қазақстандағы қоғамдық диалог институттарының эволюциясы ретінде қарастыруға болады. Бұған дейін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі мен Ұлттық құрылтай сияқты алаңдар қоғам мен мемлекет арасындағы пікір алмасудың институционалдық тетіктерін қалыптастыруға бағытталды.

2022 жылы құрылған Ұлттық құрылтайдың құрамына да мемлекет және қоғам қайраткерлері, саяси партиялар, ҰЕҰ, бизнес, сарапшылар және өңірлік қоғамдық кеңестер өкілдері енгізілген болатын. Енді бұл тәжірибе конституциялық деңгейдегі жаңа органның қызметімен толықтырылады.

Кеңес алдындағы кезең

Халық Кеңесінің алғашқы сессиясындағы маңызды шешімдердің бірі оның төрағасын сайлау болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Кеңес төрағасы қызметіне Ерлан Қошановтың кандидатура-

сын ұсынды. Мемлекет басшысы бұл лауазымға елге белгілі, тәжірибесі мол және халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуға үлес қоса алатын тұлға қажет екенін атап өтті. Кейін дауыс беру қорытындысы бойынша Ерлан Қошанов Қазақстан Халық Кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Бұдан бөлек, Президент өз сөзінде Кеңестің алдында тұрған негізгі міндеттердің бағытын да аңғартты. Ол Кеңес мүшелерінің кәсіби білімімен қатар қоғамдық беделіне, азаматтық жауапкершілігіне және ел мүддесіне қызмет ету ұстанымына мән берді. Яғни жаңа органның жұмысы тек пікір айту алаңы болумен шектелмеуге тиіс. Мұнда ең басты мәселе қоғамдық диалогтың мазмұны. Кеңес мүшелері қоғамдағы нақты мәселелерді көтеріп қана қоймай, олардың себептерін талдап, іске асатын ұсыныстар әзірлеуі қажет. Әсіресе, өңірлердегі әлеуметтік мәселелер, қоғамдық келісім, жастардың сұранысы, кәсіпкерлік, білім, мәдениет, экология, цифрландыру сияқты бағыттар әртүрлі қоғам топтардың мүддесін тоғыстыратын мәселелер ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, Халық Кеңесінің конституциялық мәртебесі оның ұсыныстарына институционалдық салмақ береді. Конституция бойынша Кеңестің Құрылтайға заң жобаларын енгізуге құқығы бар. Қала берді, референдум өткізу туралы бастама көтере алады. Бұл өкілеттіктер Кеңесті тек пікір алмасу алаңы емес, қоғамнан шыққан бастамаларды мемлекеттік шешімдер деңгейіне жеткізетін тетік ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сондықтан алғашқы сессияның маңыздылығы жаңа органды формалды түрде іске қосуымен ғана шектелмейді. Бұл – Қазақстандағы қоғамдық диалогтың институционалдық моделін жаңа конституциялық деңгейге шығарудың басталуы. Ал Халық Кеңесінің нақты орны мен беделі алдағы уақытта оның қоғамдағы әртүрлі пікірлерді қаншалықты толық еститініне, сол пікірлерді мазмұнды ұсыныстарға айналдыра алуына және саяси шешімдерге ықпал ететін жұмыс механизмдерін қалыптастыруына байланысты болмақ.

Пердехан ШӘМШИЕВ
сарапшы.

«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ»

ТҰРҒЫНДАР ТАҢДАҒАН ЖОБАЛАР

«Әділетті Қазақстан» идеологемасы халықтың өзгерістерге, әлеуметтік әділеттілікке, демократияландыруға, мемлекет саясатын тиімділігін арттыруға деген сұранысына жауап ретінде қалыптасты. Осы бастаманың ішінде Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының орны ерекше.

Оның мәнін атауынан-ақ оңай аңғаруға болады – адамдар, олардың проблемасы мен мақсат-мүддесі мемлекет пен мемлекеттік саясатты жүзеге асырушылар үшін әрдайым алдыңғы орында тұруы керек. Ал «Халық қатысатын бюджет» жобасы осы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жергілікті деңгейде іске асыратын нақты тетіктердің бірі.

Жоба Алматыда 2019 жылдан бері іске асырылып келеді. Оның мәні – тұрғындардың өздері абаттандыруға қатысты идея ұсынып, сараптамадан өткен жобаларға онлайн дауыс беруі және ең көп қолдау алған жобалардың жергілікті бюджет есебінен іске асырылуы.

Ресми дереккөзге сүйенсек, 2019 жылы жоба басталған кезде 333 ұсыныс түскен. Ал 2024 жылы бұл көрсеткіш 6118 өтінімге жетіп, шамамен 18 есе өскен. Алматыда «Халық қатысатын бюджетке» бөлінетін қаражат та ұлғайды. 2023 жыл – 12,9 млрд. теңге, 2024 жыл – 18,8 млрд. теңге, ал 2025 жыл 17,1 млрд. теңге қарастырылған.



Бағдарлама негізінен тұрғындардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін нысандарды қамтиды: аула аумақтарын абаттандыру; балаларға ойын, спорт алаңдарын салу және жөндеу; скверлер мен саябақтар; жаяу жүргіншілер аймақтары; тротуарлар; арықтар; сыртқы жарықтандыру; және т.б.

Бытырғы өтінім қабылдау кезеңінде халықтың белсенділігі жоғары болған: 4632 бастама ұсынылған. Биылғы ресми мәлімет бойынша Алматыда бағдарлама бойынша 219 бастама жүзеге асырылып жатыр. Басым бөлігі аяқталып, пайдалануға берілген.

Мәселен, мегаполистегі іргелі аудандардың бірі сана-

латын Бостандық ауданында «Халық қатысатын бюджет» аясында биыл 13 жоба жүзеге асырылып жатыр. Жобаларда, әсіресе, жаңа қоғамдық орындарды абаттандыруға басымдық берілген. Мәселен, №37 емхана мен №215 мектептің аралығындағы Радостовец көшесінің бойында жүрген құрылыстан кейін толық қалпына келтірілмей жатқан аумақты абаттандыру, жаяу жүргіншілер алаңы мен балалар ойын алаңын жасау, аумақты жарықтандыру жұмыстары атқарылып жатыр.

Сондай-ақ, Дулати көшесінің бойындағы мешіт маңы да абаттандырылуда. Асқаров пен Саин көшелерінің бойындағы орналасқан гүлзарлар да қайта ретке келтіріліп, аумақтың көркін жақсарту жұмыстары жүргізілуде.

Ауданда ХҚБ арқылы шешіліп жатқан жобалардың бірі – Үлкен Алматы өзенінің жоғары бөлігіндегі инфрақұрылымды жақсарту. Бұл аумақта абаттандыру жұмыстары жүргізілмеген. Одан бөлек, өзен арқылы өтетін көпірлердің аздығы да тұрғындар үшін қиындық туғызып жүрген болатын. Ол мәселе бүгінде шешіліп, төрт көпір салынды.

Осындай істерге риза болған аудан тұрғыны Жақсылық Ізтұрғанов әкімдік өкілдеріне алғысын білдірді. «Біз проблемамызды айттық. Жедел қабылдады. Енді, міне, көп ұзамай шешімін тауып отыр. Қазір мына «Све-жесть» көшесінің жанында тұрмыз. Бұрын бұл маңайдың бәрі қараңғы, жарықсыз болатын. Осы мәселені айтқанымызда, аудан әкімдігі екі аптаның ішінде шешіледі деді. Шынымды айтайын, басында сенген жоқпыз, қалай тез болады деп. Енді, міне, жедел шешіліп отыр. Сосын мынау қауіпсіз көпірді орнатып берді. Енді алысты айналмай-ақ, үйдің маңынан екі араны жол қылып жүрміз», – дейді алматылық Жақсылық Ізтұрғанов.

Нұржамал ӘЛІШ.

АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ПЛЕНУМЫ ӨТТІ

Достық үйінде Алматы қаласы Ардагерлер кеңесінің кезекті пленум отырысы өтті. Оған қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әбілғазы Құсайынов, сондай-ақ қоғамдық ұйым өкілдері мен белсенді ардагерлер қатысты.



мыз шексіз. Жақында қала әкімі Дархан Сатыбалдының үлкен мақаласы жарық көрді. Онда әлеумет, жол, экология, экономика, инвестиция, білім, мәдениет және өзге де салаларды дамыту бойынша

негізгі ұстанымдары жазылған. Қала әкімдігі осы бағытта белсенді жұмыс жүргізіп жатыр, әрі бұл жолда сіздердің қолдауларыңызды анық сезінеміз», – деді Абзал Нүкенов.

Ол сондай-ақ, қазіргі таңда Қазақстанда 2,5 миллионнан астам зейнеткер барын, олардың 11 пайызы Алматы қаласында тұратынын жеткізді. Әрі аға буынның мол тәжірибесіне, білімі мен ақыл-кеңесіне әрдайым мән берілетінін атап өтті.

Өз кезегінде қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов күн тәртібіндегі негізгі міндеттерді саралап берді:

«Ең бірінші мәселе – ұрпақ сабақтасығы мен жастар тәрбиесі. Осы бағыттағы түйткілдерді Орталық кеңеспен бірге талқылап, шешу жолдарын іздеу, заманауи жаңалықтарды қолдану жөнінде нақты ұсыныстар айтылуда. Екінші мәселе – ардагерлерге тиісті әлеуметтік, мәдени-ағартушылық және басқа да қолдаулар мен жәрдем көрсету жайы. Бұл жөнінде де біршама ұсыныстар ортаға салынды. Бүгінгі қарастырылған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданып, олардың барлығы оң нәтижесін береді деп сенемін», – деді Ақан Бижанов.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ШАҒАР ИМИДЖІ



АЛМАТЫ–ЧУНЦИН арасында тікелей әуе жолы ашылды

Енді Алматыдан Қытайдың ірі қалаларының бірі Чунцинге тікелей ұшуға мүмкіндік бар. Алматы халықаралық әуежайында FlyArystan әуекомпаниясының Алматы–Чунцин бағыты бойынша жаңа тікелей рейсінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Жаңа бағыттың алғашқы жолаушыларын әуежайда әуе компаниясы мен серіктес ұйымдардың өкілдері қарсы алып, сапарға аттанар алдында арнайы құттықтады. Жаңа бағыттың ашылуына орай арнайы лента қиылып, тәтті торт кесілді. FlyArystan жаңа бағыт бойынша рейстерді әзірге аптасына екі рет – сәрсенбі және сенбі күндері орындайды.

FlyArystan операциялық қызмет жөніндегі вице-президенті Александр Кальчудың айтуынша, жаңа бағыт екі ел жолаушыларының сұранысын ескере отырып ашылған.

– Бұл бағытта сұраныстың бар екенін көрдік. Қазақстан тұрғындары Қытайдың оңтүстік-батыс өңірлеріне саяхаттағысы келеді, ал сол аумақтағы қытайлықтар Қазақстанға келуге қызығушылық танытып отыр. Тікелей әуе қатынасы маршруттың екі жағындағы жергілікті экономикаға оң әсер етеді деп сенеміз, – деді ол.

Әуе компаниясының мәліметінше, алғашқы кезеңде аптасына екі рейс жылына шамамен, 40 мың жолаушыға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Егер сұраныс артса, бағыттағы рейстер санын көбейту жоспарланып отыр. Жаңа рейс тек туристік сапарлар үшін ғана маңызды емес. Чунцин – Қытайдағы ірі өнеркәсіптік

орталықтарының бірі. Сондықтан тікелей әуе қатынасы кәсіпкерлердің сапарын жеңілдетіп, екі ел арасындағы іскерлік және экономикалық байланысты дамытуға мүмкіндік береді.

Ұлттық туризм индустриясы қауымдастығының президенті Раушан Шамиль жаңа бағыттың Қазақстан мен Қытай арасындағы байланысты одан әрі жақындататын маңызды қадам деп бағалады:

– Жаңа рейс екі ел арасындағы туристік және экономикалық байланыстардың дамуына серпін береді деп сенеміз. Чунцин қаласында 25 миллионға жуық адам тұрады. Сондықтан бұл бағыт арқылы Алматыға қытайлық туристердің көптеп келуін күтеміз. Рейс екі бағытта да тұрақты сұранысқа ие болып, Қазақстаннан Қытайға, Қытайдан Қазақстанға жолаушылар легі арта берсін, – деді ол.

Туризм саласы өкілдерінің айтуынша, Қытай Қазақстанға келетін туристер саны бойынша маңызды нарықтардың бірі. Жаңа тікелей бағыт осы нарықтағы мүмкіндіктерді кеңейтуге жол ашады. Қазір FlyArystan Қытайдың Гуанчжоу, Иньнин және Сиань қалаларына да рейстер орындайды. Алматы–Чунцин бағытының ашылуы – осы қатарды толықтырған жаңа бағыт. Екі қала арасындағы тікелей әуе қатынасы енді туристерге ғана емес, туыстарына, достарына немесе іскерлік мақсатта сапарлайтын жолаушыларға да уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді.

Алғашқы жолаушыларды шығарып салу рәсімі осылайша жаңа әуе бағытының басталуын айшықтады. Лента қиылып, торт кесілгеннен кейін жолаушылар Чунцинге жол тартты.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ИННОВАЦИЯ

БОЛАШАҚ АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚ

Алматы қалалық Перинаталдық орталық – шаһардағы медициналық көмектің үшінші деңгейінде босандыру қызметін көрсететін ең ірі медициналық ұйым. Мұнда жыл сайын 9-10 мыңға жуық әйел босанады. Осы орталық базасында қауіп тобына жататын жүкті әйелдерге арналған Клиникалық-диагностикалық орталық ашылды.

«Мұнда жүктілігі асқынған, қосымша аурулары бар, мерзімінен бұрын босану, құрсақтағы ұрықтың өсуінің тежелуі, преэклампсия және медициналық бақылауды қажет ететін басқа да акушерлік патологиялардың даму қаупі бар әйелдерге жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетіледі. Бұл қызметтер жүкті әйелдерге стационарға дейінгі кезеңде амбулаториялық жағдайда көрсетілетін болады», – дейді акушер-гинеколог Айсұлу Айпейісова.

Орталықта барлық қажетті жағдай жасалған: заманауи медициналық құрал-жабдықтармен, соның ішінде МРТ аппараттарымен, сараптамалық деңгейдегі ультратрадыбыстық зерттеу (УДЗ), кольпоскопия және кардиоотография (КТГ) аппараттарымен, сондай-ақ зертханалық қызметтердің толық спектрімен жабдықталған. Биыл Алматы қаласы

әкімдігі мен қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен компьютерлік томография аппаратын орнату жоспарлануда.

«Жаңа орталықтағы медициналық жабдықтар жасанды интеллект элементтері бар заманауи құрылғылар. Олар жүкті әйелдің ағзасындағы асқынуларды болжауға және ертерек диагноз қоюға мүмкіндік береді. Демек, қауіптің бетін дер шағында қайтара аламыз. Қазір мұнда бес дәрігер, сондай-ақ орта және кіші медициналық персонал жұмыс істейді. Бұл орталық күніне 50–60 пациентті қабылдауға есептелген», – деді Алматы қалалық Перинаталдық орталық директоры Әлия Аймағанбетова.

Жүкті әйелге Клиникалық-диагностикалық орталыққа жолдаманы өзі тіркелген емхана береді. Мұнда көрсетілетін қызметтер МӘМС аясында тегін ұсынылады. Қабылдауды жоғары білікті акушер-гинекологтар, генетик, терапевт, офтальмолог және невропатолог жүргізеді.

Орталық құрамында бұған дейін «Аналар мектебі» де ашылған болатын. Мұнда болашақ аналар сәтті босануға қажетті пайдалы кеңестер алып, жаңа туған нәрестеге күтім жасауды үйренеді. Мұның барлығы антенаталдық бақылаудың сапасын арттыруға, акушерлік асқынулардың қаупін төмендетуге және медициналық көмектің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Мегалолистің өндірістік картасында жиі айтыла бермейтін, бірақ күнделікті өмірде қолданатын өнімдердің басым бөлігі резеңке және пластмасса бұйымдарынан жасалады. Құрылысқа қажет құбыр мен профильден бастап, қаптама, техникалық бөлшек, автокомпонент пен түрлі полимер бұйымға дейінгі өнімдер де осы саланың еншісінде. Кейінгі жылдары өндіріс ұлғайып, Алматының өңдеу өнеркәсібінде жаңа өндірістік тізбектер қалыптасып келе жатыр.

Алматы экономикасындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі жыл сайын артып келеді. 2025 жылдың қорытындысына сай, қаладағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2,54 трлн. теңгеге жетіп, бір жылда 17,2% өскен. Оның 2,15 трлн. теңгесі өңдеу өнеркәсібіне тиесілі. Бұл – қала өнеркәсібінің 84,6%-ы. Аталған өнеркәсіптің ішінде машина жасау 1,055 трлн. табыс әкелген. Ал резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру көлемі 57,6 млрд. теңгеге жетіп, бір жылда 6,7% өсті. Саланың өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 2,7%. Бұл бір қарағанда, аса үлкен көрсеткіш болып көрінбеуі мүмкін.

Алайда, полимер өндірісінің өнімі көп салада қолданылады. Бір кәсіпорын шығарған құбыр құрылыс компаниясына қажет болса, пластмасса бөлшек машина жасау өндірісінде қолданылуы мүмкін. Ал техникалық резеңке бұйымдары көлік пен өнеркәсіп кәсіпорындарының өндірістік тізбегіне кіреді. Сондықтан бұл саланың маңызын бірнеше сипатта айқындау қажет.

Жоба көбейіп келеді

Саланың даму қарқынын жаңа жобалардан да байқауға болады. Алматы индустриялық аймағында іске асырылған жобалардың қатарында ALTRA TYRES кәсіпорны бар. Жоба автокөлік шиналарын өңдеу және техникалық резеңке бұйымдарын шығару өндірісін ұйымдастыруға бағытталған. 2025 жылы индустриялық аймақта жалпы инвестиция көлемі 135,5 млрд. теңге болатын 11 жобаны іске асыру жоспарланған еді.

Ал пластмасса өндірісі бағытында ірі инвестициялық жоба қарастырылып отыр. Алматы әкімдігі түркиялық Koksan Holding компаниясымен Алатау ауданында ПЭТ-преформа және пластик өнімдерін өндіретін жоғары технологиялы зауыт салу мәселесін талқылады. Жобаның инвестициялық құны 44 млрд. теңге деп бағаланып отыр. Кәсіпорын жылына 80 мың тоннаға дейін ПЭТ-преформа және 24 мың тоннаға дейін қайта өңдел-

ПЛАСТИКТЕН – ӨНІМГЕ

Алматыда полимер өндірісі қарқынды



Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ген пластик өндіре алады. Жоба іске асқан жағдайда 138 тұрақты жұмыс орны ашылмақ.

Мұндағы маңызды мәселе – өндірістің көлемінде ғана емес, оның технологиялық деңгейінде. ПЭТ-преформа – бөтелке және басқа да пластикалық ыдыстар өндіруге арналған қалып. Яғни кәсіпорын бастапқы шикізатты ғана өткізбейді, оны әрі қарай пайдаланылатын өндірістік өнімге айналдырады. Бұл – қосылған құн тізбегін ұзартудың бір мысалы.

«Зауыт салу жеткіліксіз»

Экономист, «Қазақстанның ФармМед-Индустриясы» қауымдастығының президенті Руслан Сұлтанов өнеркәсіпті бағалауда тек жаңа кәсіпорындардың санын немесе инвестиция көлемін есептеумен шектелмеу керек деп санайды. Оның айтуынша, өндірістің экономикаға әсері кәсіпорынның айналасында қаншалықты терең өндірістік байланыстар қалыптасқанына байланысты.

«Өндіріс картада жаңа нысан пайда болғанда емес, оның айналасында тұтас экономикалық жүйе қалыптасқанда ғана ұзақ мерзімді өсімнің көзіне айналады. Ол үшін жеткізушілер пайда болып, технологиялар дамуы, құзыреттілік қалыптасуы, бәсекелестік туындауы керек. Сонда ғана

ел ішінде қалатын қосылған құн еселеп өседі», – дейді спикер.

Бұл пікір резеңке және пластмасса өндірісіне де қатысты. Мысалы, Алматыдағы полимер кәсіпорнының өнімі құрылыс компаниясына тікелей сатылатын тауар болуы мүмкін. Ал басқа жағдайда ол машина жасау немесе қаптама өндірісіне қажетті аралық өнімге айналады. Осылайша бір кәсіпорынның өндірісі екіншісінің шығынын азайтып, жергілікті өндірістік кооперацияны күшейтеді.

Технологияға сұраныс артып келеді

Полимер өндірісінің әлеуеті оның өнім түрінің көптігімен де байланысты. Қазақстанда қазірдің өзінде полимер үлдір, вакуумдық және тағамдық қаптамалар, тамшылатып суару ленталары, фитингтер, ПВХ құбырлар секілді өнім түрлерін шығару жолға қойылған. Сонымен қатар, инвестиция көлемі 46,9 млрд. теңгеден асатын 19 жоба да бар. Олардың қатарында геомембрана, геосинтетика, құбырлар мен шлангтар, пластикалық ыдыс-аяқ, пластикалық тауарлар және басқа да өнімдер өндірісі бар. Жобалар жүзеге асқан жағдайда 900-ден астам тұрақты жұмыс орны ашылады деп жоспарланған.

Полимер өнеркәсібінің дамуы жаңа технологияларға деген сұранысты да күшейтеді. Бұл үрдіс Алматыда өткен Central Asia Plast World көрмесінде де көрінді. Іс-шараға 20-дан астам елден 200-ге жуық компания қатысып, пластмасса өндірісіне арналған жабдықтар, шикізат, пресс-формалар және 3D-баспа технологияларын таныстырды. Яғни саладағы бәсеке енді өнім көлемімен ғана өлшенбейді. Өндірістің автоматтандырылуы, жаңа жабдықтарды пайдалану, өнім сапасы, энергия тиімділігі, инженерлік кадрлардың біліктілігі секілді факторлар да маңызды бола түсті.

Аталған өндірістің кеңеюі басқа кәсіпорындардың да өндірістік шығынын азайтып, жергілікті компоненттер үлесін көбейтуге мүмкіндік береді. Бұл – қосылған құнды ел ішінде қалдырудың бір жолы. Алдағы кезеңде де саланың бәсекеге қабілеттілігі өндіріс көлемін көбейтумен қатар, жаңа өнім түрлерін игеру, технологияны жаңарту, жергілікті өндірістік кооперацияны күшейту және қосылған құны жоғары тауарлар шығару қабілетіне байланысты болмақ. Сонда резеңке мен пластмасса өндірісі қала экономикасындағы қосалқы бағыт қана емес, Алматының өңдеу өнеркәсібін тереңдететін маңызды өндірістік буынға айнала алады.

Қалада су мен кәріз тарифтері өзгереді

Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тұтынушыларды 2026–2029 жылдар кезеңіне сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне тарифтердің, тарифтік сметалардың және суды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін төлемақы мөлшерлерінің бекітілгені туралы хабардар етеді.

Сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің тарифтері Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 22-бабы 1-тармағының 1), 5), 9-1), 9-3) тармақшаларына сәйкес өзгертіліп, 2026 жылғы 1 қазаннан бастап ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2026 жылғы 24 қыркүйектегі №104-НҚ және №105-НҚ бұйрықтарымен бекітілген келесі мөлшерде қолданысқа енгізіледі:

Тұтынушылар топтарының атауы	сумен жабдықтау қызметтеріне		су бұру қызм.ттеріне	
	ҚҚС-сыз, тг/м3	ҚҚС-мен, тг/м3	ҚҚС-сыз, тг/м3	ҚҚС-мен, тг/м3
1 топ – жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына су тұтыну көлемдері және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін ұсыну кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп толтыру көлемдерінің шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық шығындар көлемдерінің шегінде жылу энергиясын берумен және таратумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар;	153,50	178,06	102,98	119,46
2 топ – өзге де тұтынушылар – бірінші және үшінші топқа кірмейтін заңды тұлғалар;	312,22	362,18	228,23	264,75
3 топ – мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымына кіретін ұйымдарды және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғаларды қоспағанда, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық инвестициялық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі олармен үлестес заңды тұлғалар, ұлттық инвестициялық холдинг, ұлттық компания мен ұйымдар.	560,00	649,6	163,05	189,14

2026 жылғы 1 қазаннан бастап есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін Алматы қаласы бойынша сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне төлемақы мөлшерлері			
№ р/с	Атауы	Теңге/адам айына (ҚҚС-сыз)	Теңге/адам айына (ҚҚС-мен)
Сумен жабдықтау қызметтеріне			
1	Көше колонкаларынан суды талдау	115,13	133,55
2	Тұрмыстық қажеттіліктер мен санитарлық-гигиеналық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін су тұтыну	2 302,50	2 670,90
3	Апатты үй-жайлары бар, ескірген деп танылған көппәтерлі тұрғын үйлер, суды есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ жалпыға ортақ пайдаланылатын орындары бар жатақханалар	824,30	956,19
4	Суды тұрмыстық емес пайдалану (жасыл желектерді, көгалдарды, гүлзарларды, бақшаны, тротуар ағаштарын, төсеніштерді және т.б. суару)	1 535,00	1 780,60
Ескерту: *6 ай суару кезеңінде 1 сотығын суару алаңының айына м3 көлемі (суару кезеңі 15 сәуірден 15 қазанға дейін). Бұл ретте жасыл желектерді суару уақыты сағат 23.00-ден 05.00-ге дейін рұқсат етіледі.			
Су бұру қызметтеріне			
1	Суық суды бұру	1 544,70	1 791,85
2	Апатты үй-жайлары бар, ескірген деп танылған көппәтерлі тұрғын үйлер, суды есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ жалпыға ортақ пайдаланылатын орындары бар жатақханалар	553,00	641,48
3	Ыстық суды бұру	324,39	376,29

Толық ақпарат кәсіпорынның ресми сайтында орналастырылған - www.almatysu.kz

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

әр тұрғынның құқығын қорғаудан басталады

«Заң мен тәртіп» қағидаты қылмыспен күрес және жасалған құқық бұзушылықтарға ден қоюмен шектелмейді. Бұл, ең алдымен, азаматтарды, олардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау, өмір сүруіне қауіпсіз және жайлы орта қалыптастыру.

Алматы прокуратурасының әлеуметтік шиеленіс ошақтарын анықтап, жою бағытындағы жұмысы осы ұстанымға негізделген. Мұнда мәселенің салдарымен ғана күреспей, себептерін де дер кезінде анықтау, азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және осындай жағдайлардың қайталануына жол бермеу маңызды.

Бұған Алматының «Ақсай-1А» шағынауданындағы жағдай мысал бола алады. Мұндағы тұрғындар ұзақ уақыт бойы «Школьник» ПИК-інің қызметіне наразылық білдіріп келген. Азаматтардың өтініштері мен әлеуметтік желідегі жарияланымдар, сондай-ақ, талқылауларды зерделеу нәтижесі прокурорлық шара қолдануға негіз болды.

Ортақ жер заңсыз саудаланған

Тексеру барысында 2014 жылы ПИК төрағасы тұрғын үй аумағына тиесілі тұрғындардың ортақ меншігіндегі 1,7 гектар жер учаскесін бөліп алған. Әрі бірнеше учаскеге бөлген. Кейіннен алынған жер учаскелерінің бір бөлігі еншілес ұйымдарға сатылған. Заңсыз тәркіленген мүліктің жалпы құны 300 миллион теңгеден асады.

Анықталған деректерге сай, аудандық прокуратура ірі көлемдегі алаяқтық белгілері бойынша қылмыстық іс қозғап, жер учаскелері тәркіленді.

Сот ПИК төрағасын Қылмыстық кодекстің 190-бабы 4-бөлігінің 2-тармағы бойынша кінәлі деп танып, бес жылға бас

бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Қазіргі уақытта сот үкімі заңды күшіне енбеді.

Бұл ретте заңдылықты қалпына келтіру тек кінәлі адамды жауапкершілікке тартумен шектелген жоқ.

Ашық сот арқылы ащы сабақ берілді

Осы іс аясында сот отырысы ашық форматта өткізілді. Мұнымен қоса сот процесіне ауданда тұрғындардан арыз-шағым көп түсетін, проблемалы ОСИ және ПИК басшылары алғаш рет қатыстырылды. Ондағы басты мақсат – құқықтық профилактикалық жұмысты нақты мысал арқылы жүргізу. Сот процесіне қатысқан кондоминиум нысандарын басқару органдарының басшылары ортақ мүлікке заңсыз билік етудің нақты құқықтық салдарын көрді.

Мұндай тәсіл ОСИ мен ПИК төрағаларының құқықтық сауатын арттырып қана қоймай, болашақта осыған ұқсас заң бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Прокуратура үшін әрбір осындай жағдай бұзылған құқықтарды қалпына келтірумен қатар, азаматтардың ортақ мүлкін басқаратын тұлғалар үшін сабақ болуы тиіс.

Жүйелі мәселенің белгісі

«Ақсай-1А» шағынауданындағы жағдай кешенді тәсілді қажет етті. Талдау әлеуметтік шиеленістің бір ғана оқиғадан туындамағанын көрсетіп берді. Тұрғындардың күнделікті өмірінің

сапасы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін бірнеше мәселе қатар орын алған. Уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыс барысында жертөлелерде заңсыз хостелдердің жұмыс істеуі, санитарлық талаптардың бұзылуы және коммуналдық желілерге өз бетінше қосылу фактілері анықталды.

Нәтижесінде 10 хостелдің қызметі тоқтатылып, 14 нұсқама берілді. Сумен және электрмен жабдықтау желілеріне заңсыз қосылу фактілері жойылып, есептеу құралдары белгіленген талаптарға сәйкестендірілді. Осылайша жекелеген шағымдарға жауап берумен шектелмей, тұрғындардың наразылығына жылдар бойы себеп болған мәселелерді кешенді түрде шешуге бағытталды.

Нақты нәтиже болуы керек

Мұндай жұмыстың тиімділігі қабылданған шаралардың санымен емес, оның тұрғындар өміріне әкелген нақты өзгерісімен бағалануға тиіс. Жүргізілген шаралардан кейін шағынаудандағы қылмыс деңгейі 50 пайызға, қоғамдық тәртіпке қарсы әкімшілік құқық бұзушылықтар саны 70 пайызға төмендеді. Нәтижесінде «Ақсай-1А»-дағы 15 мыңға жуық тұрғынның құқықтары қорғалып, әлеуметтік шиеленіс ошағы жойылды.

Бұл – прокуратура жұмысының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Азаматтар өз мәселесінің назардан тыс қалмағанын, мемлекет жағдайды шешіп, бұзылған құқықты қалпына келтіріп, қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатынын көргенде ғана заң мен мемлекеттік институттарға деген сенім қалыптасады.

Шағынаудан тұрғындары атқарылған жұмыстың нәтижесін оң бағалап, бұзылған құқықта-

рын қалпына келтіруге көрсеткен көмегіне алғыс айтты.

Мәселені шешумен қатар алдын алу да маңызды

«Ақсай-1А» тәжірибесі «Заң мен тәртіп» қағидаты нақты адамнан және оның күнделікті мәселелерінен басталатынын тағы бір рет айқын аңғартты. Прокуратура тек жасалған құқық бұзушылықты ғана емес, оған себеп болған жағдайларды да анықтауы керек. Мәселені бір бағытта шешумен немесе жауапкершілікке тартумен шектелмей оның алдын алып, аза-

маттардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруі қажет.

Бүгінде Алматының барлық ауданында әлеуметтік шиеленіс ошақтарын анықтау және жою жұмыстары жалғасып жатыр. Басты міндет – заңды абстрактілі ұғым емес, тұрғындардың, отбасылардың мүлкі мен қауіпсіз өмірінің нақты қорғаныс тетігіне айналдыру.

Заң мен тәртіп әр тұрғынның құқығы мемлекет қорғауында болған жерде орныға түседі.

Серік КӘРІПБЕКОВ,
Алматы қаласының
прокуроры.

АДАЛДЫҚ – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ



Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Бұл жұмыстың түпкі мақсаты – құқық бұзушылықтарға жол бермеу, олардың туындауына себеп болатын жағдайларды жою және қоғамда адалдық пен заңға құрмет құндылықтарын орнықтыру.

2026 жылы еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіруге бағытталған бірқатар маңызды өзгерістер қабылданды. Атап айтқанда, 12 маусымдағы №311-VIII ҚР Заңымен осы саладағы бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Мұнда жаңа нормалардың қолданысқа енгізілу мерзімдері әртүрлі екенін де ескеру қажет.

Алдын алу шараларының маңызды тетіктерінің бірі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін дер кезінде анықтау. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар өз қызметінде заң бұзушылыққа жағдай туғызуы ықтимал факторларды сарапалап, оларды жоюға бағытталған нақты шаралар қабылдауы тиіс. Мұндай жүйелі жұмыс құқық бұзушылықтың салдарымен күресуден гөрі оның алдын алуға мүмкіндік береді.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігі айрықша мәнге ие. Қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдаланбау, мүдделер қақтығысына жол бермеу, заң талаптарын сақтау және азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін құрметтеу – мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттарының бірі.

Алайда, адал қоғам қалыптастыру тек мемлекеттік органдарға жүктелетін міндет емес. Азаматтық қоғам институттары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар және қарапайым азаматтар да бұл үдеріске белсенді қатысуы қажет. Қоғамның ашықтығы мен азаматтардың құқықтық сауаттылығы артқан сайын заң бұзушылықтың алдын алуға мүмкіндік те кеңейеді.

Әр азамат өз құқықтары мен міндеттерін біліп, мемлекеттік қызметтерді алу кезінде белгіленген талаптарды сақтауы керек. Ал заңсыз әрекет немесе сыбайлас жемқорлық белгілері байқалған жағдайда, бұл туралы тиісті уәкілетті органдарға хабарлау – азаматтық жауапкершіліктің көрінісі.

Адалдық, әділдік, жауапкершілік және заңға құрмет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негізі. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыс тек жазалау шараларымен шектелмеуі керек. Ең бастысы – құқық бұзушылықтың туындауына мүмкіндік беретін себептер мен жағдайларды уақытында анықтап, жою.

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам қалыптастыру – мемлекеттік құрылымдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Адалдықты күнделікті өмір салтына, ал заңды құрметтеуді азаматтық ұстанымға айналдырғанда ғана ашық әрі әділетті қоғам құруға берік негіз қаланады.

К.С.ДЖУБАНЫШЕВА,
Алматы бөлімшелік көліктегі
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бөлім
басшысы.

ӨНЕР

Кеше Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық өнер музейінде суретші Бәтима Есмұратқызы Зәуірбекованың «Мұра жіптері» атты мерейтойлық ретроспективалық жеке көрмесі ашылады. Ал кеше БАҚ өкілдері осы көркем көрменің экспозициясымен алдын ала танысып, журналистер кура-торлық турға қатысты.

Мерейтой иесінің есімі Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінің тарихында айрықша орын алады. «Отан» орденінің кавалері, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Бәтима Зәуірбекова Қазақстандағы «гобелен дәуірінің» қалыптасып, өркендеуіне жол ашқан суретшілердің алдыңғы қатарында болды. Шебердің қолынан туған жүздеген туындының дені қазақ өнерінің алтын қорына еніп, отандық өнердің классикалық жауһарларына айналды.

«Мұра жіптері» көрмесінің экспозициясы Бәтима Есмұратқызының көркем мұрасын тұтас шығармашылық ғұмырының аясында алғаш рет осындай кең көлемде таныстырып отыр. Көрмеге гобелен, кескіндеме және графика жанрларындағы 80-нен астам туынды қойылған. Эскиздер, архивтік фотосуреттер мен бейнематериалдар суретшінің шығармашылық жолын, оның 1970 жылдардағы алғашқы еңбектерінен бастап, кейінгі жылдары дүниеге келген шығармаларына дейінгі суреткерлік ізденісін зерделеуге мүмкіндік береді», – дейді Ұлттық өнер музейінің директоры Гүлайым Жұмабекова.

Бәтима Зәуірбекова өз шығармашылығында ұлттық мәдениетке және қазақ халқының дәстүрлеріне терең бойлайды. Оның туындыларының өзегіндегі адам мен табиғат үндестігі, ұрпақтар сабақтас-тығы, музыка, сұлулық пен жасампаздық сынды тақырыптар әйел, отбасы және ана болмысының сан қырлы бейнесі арқылы көрініс табады. Суретшінің көркемдік тілі философиялық тереңдігімен, айшықты сәндік сипатымен және бояу үндестігінің байлығымен ерекшеленеді.

Экспозицияда суретшінің шығармашылығында айрықша орны бар «Жазық» (1976), «Жер-Ана» (1984), «Аналық мейірім» (2004) сынды әйгілі гобелендері мен өзге де бірегей, бояуы қанық туынды-



ҰЛТ ЖАУҒАРЫ

«Мұра жіптері» көрмесінің мәні хақында



лары ұсынылған. Бұл шығармалар еліміздегі көркем тоқыма өнерінің қалыптасуы мен дамуына елеулі ықпал еткен туындылар қатарынан орын алды.

Гобелен – асқан талғампаздықты талап ететін кірпияз өнер. Мәселен, алаулап батып бара жатқан күннің шапағатын салып отырып қателесіп кетер болсаңыз,



оны үстінен бояулармен бастыра салуға, өзгеше құбылтып жіберуге болады. Ал гобеленнің кірпияздығы сонда, бояулар үндестігін беруде жүннен иірілген жіңішке қана жіптің тігісінен, тінінен бір рет те

жаңылып кетпеуіңіз керек. Қазақ әйелінің бейнесін көп сомдаған суретшінің талғамы өте нәзік. Кісі көзіне түсе бермейтін ішкі қалтарыстың нүктесін де дәл қоя білу хас шеберге ғана тән. Осыншама қым-қуыт дүниені бір желіге тұсап, сансыз бояумен, сансыз жібек жіптермен өрнектеу де көрінгеннің қолынан келе бермесі анық.

Иә, Бәтима Зәуірбекова ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігін өзі таңдаған дара өнер – гобеленге сыйғызып, сол арқылы қазақты әлемге танытқан жаңашыл суреткер.

Көрменің маңызды оқиғаларының бірі – суретшінің екі каталогы мен монографиялық басылымының таныстырылымы болды. Каталогтар бірінің авторы – өнер саласында көп жылдан бері қалам тербеп жүрген журналист әрі баспагер Яффа Ассулин де пікір білдірді.

«Бәтима Есмұратқызымен ең алғаш танысқан сәтінде оның бойынан таңғажайып ерекше дарынды, көрнекті әйелді көрдім. Сонымен қатар, оның өте қарапайым әрі кішіпейіл жан екеніне тәнті болдым. Оның өз ойын «айқайлап» жеткізбейтін, шығармашылығы арқылы сабырлы да жұмсақ тілмен сөйлейтін суретші екенін байқадым. Бірақ сол жұмсақ мінезінің арғы жағынан күшті энергия, терең ой мен шығармашылық қуат сезіледі. Оның өнері көрерменге үнсіз-ақ әсер етіп, өзіне назар аудартып, ойлануға жетелейді», – деді баспагер журналист Яффа Ассулин.

Бүгінде Бәтима Зәуірбекованың көркем мұрасы кейінгі ұрпақ үшін де маңызын жоғалтқан жоқ. Оның шығармашылығы Қазақстанның мәдени жадында сақталып, ұлттық дәстүрдің адамзатқа ортақ көркем тілге айналып, өз дәуірінің шеңберінен асып, кең тыныс таба алатынын танытатын құнды мұра болып қала береді.

Экспозицияны тамашалағысы келетін алматылықтар мен қала меймандарына құлаққағыс: көрме музей төрінде 8 қарашаға дейін тұрады.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҒЫЛЫМДЫҚ – 35



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 35 жыл толуына орай «Тәуелсіздіктің 35 жылдығы» атты арнайы тележоба қолға алынды. Елдің егемендік жолындағы жетістігін дәріптеп, азаттықтың қадірін кейінгі буынға жеткізуді мақсат еткен түсірілім тобы тарихи орындарды аралап, ел тәуелсіздігінің мән-маңызын айшықтайтын тағылымды кездесулер өткізуде.

ТАҒЫЛЫМДЫ ТЕЛЕЖОБА

Тележоба сапарының кезекті аялдамасы – Алматыдағы Тәуелсіздік монументі мен «Тәуелсіздік таңы» ескерткіші болды. Түсірілім тобы ел тарихындағы маңызды нысанға тағзым етіп, азаттықтың айшықты символы саналатын монумент туралы сыр тарқатты.

Қаланың қақ төрінде орналасқан монумент 1996 жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 5 жылдығына орай ашылған. Биіктігі 28 метрлік стелланың ұшар басында қанатты барысты тізгіндеген «Алтын адам» бейнесі бой көтерген. Бұл – елдің еркіндігі, айбарлы рухы мен берік мемлекеттілігін бейнелейтін сәулеттік нышан.

– Жобамызды Шымкент қаласынан бастап, Тәуелсіздік саябағынан жолға шыққан едік. «Түлкібас» станциясында Мұхамеджан Тынышбаев пен Тұрар Рысқұловтың достығына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойдық. Енді Алматыға келіп, Тәуелсіздік монументіне тағзым еттік. Сапарымыз шамамен екі аптаға созылады, үш мегаполис пен тоғыз облыс орталығын қамтуды жоспарлап отырмыз, – деді «Айғақ» телерадиокомпаниясының бас директоры Дулат Әбіш.

Ал ел тарихын кейінгі ұрпаққа жеткізу ісінде тарихи тұлғалардың тағылымы айрықша орын алады. Тележоба барысында

көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол инженері Мұхамеджан Тынышбаевтың есімі де кеңінен дәріптелді. «М.Тынышбаев атындағы қоғамдық қордың» президенті Нұршәкен Жүнісова ел тәуелсіздігінің баянды болуына тілек білдірді:

– Мемлекеттік саясатқа сай еліміз өркендеп, өсе берсін! Еліміздің егемендігі берік болып, Көк Туымыз желбірей берсін. Осындай қуанышты күнге жеткенімізге қуаныштымыз, – деді Нұршәкен Жүнісова.

Азаттықтың ақ таңы атқан 1991 жылдан бері Қазақстан талай белесті артқа тастады. Тәуелсіздік жылнамасы – елдің қалыптасу тарихы ғана емес, әр азаматтың тағдырымен сабақтас құндылық. Сондықтан оны дәріптеу, тарихын білу және кейінгі буынға аманаттау – баршаға ортақ міндет.

Ал Алматы төріндегі Тәуелсіздік монументі – осы тарихи жолды еске салатын үнсіз шежіре. Оның биігіндегі «Алтын адам» бейнесі ұлттың өткенін ұлықтап қана қоймай, еркін елдің болашағына деген сенімнің символындай әсер қалдырады.

Дана САДЫРҚАН.
Сурет: С.СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БӘШЕН БАЙМҰРАТОВА – 100

«ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК...»

Ұстаздың еңбегі шәкіртінің жүрегінде, ғылымға қосқан үлесі ел жадында сақталады. Алматыда Ұстаздар күні қарсаңында ғалым, ҚР еңбек сіңірген ұстазы Бәшен Баймұратқызының 100 жылдығына арналған «Ғылымға жетелеген ұстаз» атты әдеби-танымдық кездесу өтті.



Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының Қоғамдық даму орталығы ұйымдастырған кешке ғалымның шәкірттері, әріптестері, туыстары мен ұрпақтары, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары, білім саласының ардагерлері, студенттер және кітапхана оқырмандары қатысты.

Жиын барысында ұстаздың өмірі мен ғылыми жолы, шәкірт тәрбиелеудегі еңбегі сөз болды. Кездесуде Бәшен Баймұратқызының өмірбаяны мен кәсіби қызметі туралы презентация көрсетілді. Ғалымның балалық шағынан бастап білім жолындағы ізденістері, ұстаздық қызметі мен ғылымға қосқан үлесі таныстырылды. Өмірінің маңызды кезеңдерін қамтыған материалдар арқылы кеш қонақтары тұлғаның еңбек жолына үңілді. Бәшен Баймұратқызының өмірі мен еңбегі туралы әңгіме өрбігенде, оның шәкірттері мен замандастары ұстаздың адамдық болмысы, білімге деген талабы және ғылымға жетелеген қасиеттері жайлы естеліктерін бөлісті.

Ғалымның қызы Самал Соқпақбаева анасының өмір жолын білім мен ғылымға арнағанын айтты.

– Анамыздың елге қалдырған мұрасы өте көп. Ол қазақ балабақшаларына арналған тұңғыш төл бағдарламаның негізін қалады. «Балбөбек» деп аталатын бұл бағдарлама 1996 жылы жарық көріп, қазақ тілінде білім беретін балабақшалардың оқу-тәрбие үдерісін жүйелеуге үлкен үлес қосты. Ғылыммен айналыса жүріп, ұстаздық қызметін де қатар алып жүрді. Шәкірттеріне білім беріп қана қоймай, ізденуге, өз бетінше ойлауға, ғылымға қызығуға бағыт-бағдар көрсетті. Өмірі біз үшін де үлкен мектеп болды. Ол өз еңбегіне жауапкершілікпен қарап, елге қызмет етуді басты орынға қойды. Қандай жұмыспен айналысса да, оның нәтижесі кейінгі ұрпаққа пайдасын тигізсе екен деп ойлайтын, – деді Самал Соқпақбаева.

Ғалымның 100 жылдығына арналған кеш оның есімін ұлықтап қана қоймай, ұстаз еңбегін құрметтеудің, ғылымға жол ашқан тұлғалардың өмірін кейінгі буынға танытудың маңызын көрсетті.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ӨМІР – ӨНЕГЕ

Алматыда «Көлік, механика және материалтанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-техникалық конференция өтті. Екі күнге жоспарланған жиында Қазақстан мен шетелден келген ғалымдар көлік саласының болашағы, жол инфрақұрылымының беріктігі, климат өзгерісінің әсері және жаңа инженерлік шешімдер жөнінде пікір алмасты.

ЖОЛ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Конференция Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы, профессор, Көлік ғылымдары және технологиялар институтының директоры Бағдат Бұрханбайұлы Телтаевтың 60 жас мерейтойына арналды.

Бағдат Телтаевтың отыз жылдан астам уақыт бойғы ғылыми қызметі көлік ғылымы мен жол саласын зерттеумен байланысты. Ғалым жол құрылысында қолданылатын материалдардың қасиеттерін, асфальтбетон мен битумның беріктігін, жол төсемінің уақыт өте деформациялануы мен бұзылуын зерттеп келеді. Оның еңбектерінде ауа температурасы, ылғал, көлік салмағы секілді факторлардың жолдың сапасы мен қызмет ету мерзіміне қалай әсер ететініне ерекше мән беріледі. Ғалымның зерттеулері тек теориямен шектелмейді. Оның ғылыми әзірлемелері автомобиль жолдарын салу және қайта жаңарту кезінде қолданылған. Сондықтан конференцияда іргелі ғылымды нақты инженерлік шешімдермен ұштастыру мәселесіне де баса назар аударылды.

Бір ерекшелігі, жиынға арнайылап келген шетелдік ғалымдар Алматыға қатысты бірнеше ұсыныс айтты. Мәселен, Оңтүстік Кореядағы Инчхон ұлттық университетінің профессоры Eun Chul Shin қаладағы көлік жүктемесіне тоқталды. Оның айтуынша, халқы екі миллионнан асқан Алматыдағы таңғы және кешкі қарбалас уақытта жол қозғалысы айтарлықтай күшейеді. Мұндай жағдайда метро желісін одан әрі кеңейту немесе автокөлікке арналған жерасты жолдарын қарастыруға болады.

Профессор қаладағы тағы бір мәселе – ірі жолдардың маңындағы көлік шуы екенін мәлімдеді. Оның сөзінше, мұндай жерлерде дыбысты сіңіретін арнайы қорғаныш қабырғаларын орнатуға болады. Қабырғаның құрылымы дыбыстың қайта



шағылуын азайтып, жол бойындағы шуды бәсеңдетуге мүмкіндік береді.

Ал Жапониядағы Хоккайдо университетінің профессоры Tatsuya Ishikawa болса, климат өзгерген жағдайда таулы аймақтарда туындайтын қауіптерге назар аударды. Оның баяндамасы жауын суының топыраққа сіңуі мен жер бетімен ағуын қатар ескере отырып, геологиялық апат қаупін бағалауға арналды. Ғалымның айтуына қарағанда, нөсер кезінде жауын суының бәрі бірдей топыраққа сіңіп үлгермейді. Бір бөлігі беткеймен төмен қарай ағып, топырақтың тұрақтылығына әсер етуі мүмкін. Сондықтан жер көшкіні мен беткейдің опырылу қаупін бағалағанда жер астындағы ғана емес, жер үстімен ағатын суды да есепке алу қажет.

Конференция бағдарламасында автомобиль, теміржол және әуе көлігі, геомеханика, робототехника, сұйықтық пен газ механикасы, сондай-ақ заманауи материалдар секілді жеті ғылыми бағыт қамтылды. Жиынның негізгі мақсаты – көлік саласындағы ғылыми ізденістерді ортаға салып, оларды іс жүзінде қолдандың жолдарын талқылау.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

РОБОТ-КУРЬЕРЛЕР тапсырыс жеткізе бастады

Алматыда «Яндекс» компаниясының Робот-курьерлері мен автокөліктері іске қосылды. Жобаның негізгі бағдары – қаладағы қарқынды дамып келе жатқан электронды коммерция мен тамақ жеткізу қызметіндегі курьерлер тапшылығын жою және заманауи технологиялар арқылы тұрғындарға жылдам әрі қауіпсіз қызмет ұсыну.

Робот-курьерлер Yandex Go және Yandex Лавка қосымшалары арқылы тапсырыстарды қабылданған мекенжайға дейін жеткізеді. Әрине, мұндай жүйе дәстүрлі курьерлер қызметін толық алмастыра алмайды, керісінше олардың жұмысын толықтырып, көлік инфрақұрылымын тиімді ете түседі.

ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Физзат Байтұрсынов бұл жобаны жүзеге асыру үшін өткен жылдың қараша айынан бастап үлкен дайындық жүргізілгенін айтты.

«Бүгін еліміздің технологиялық дамуындағы жаңа кезеңнің басталуына куә болып отырмыз. Мемлекет басшысы алдағы үш жылдың ішінде Қазақстанды цифрлы мемлекетке айналдыру бойынша үлкен мақсат-міндеттерді қойып отыр. Биыл «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясы қабылданды. Ондағы ең маңызды бағыттардың бірі – жаңа технологияларды, роботтарды, ұшқышсыз технологияларды дамыту», – деді вице-министр.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жүргізушісіз көліктерге рұқсат беру, сақтандыру

тәртібін белгілеу және автокөліктерді тіркеу сияқты сұрақтар тоғыз ай бойы Көлік және Ішкі істер министрліктері, сондай-ақ Астана, Алматы қалалары мен Ақмола облысы әкімдіктерінің бірлескен жұмысының нәтижесінде оң шешімін тапқан.

«Яндекс Қазақстан» компаниясының бас директоры Тимур Шалекенов жобаның технологиялық жұмысы мен болашағы туралы былай дейді:

«Қазір ең бастысы – робот-курьерлердің қала көшелерінде еркін қозғалып, тапсырысты қауіпсіз жеткізуді қамтамасыз ету. Камералар мен лидарлар арқылы айналадағы нысандарды зерттеп, жоғары дәлдіктегі 3D-карта жасаймыз. Онда көшедегі ағаштар мен ғимараттарға дейін барлық нысан тіркеледі. Мұның бәрі роботтың жолда дербес шешім қабылдап, қауіпсіз қозғалуына қажет. Жеткізу қызметін бастапқыда тегін ұсынамыз. Ал роботакси бағасы кәдімгі такси ден қымбат болмауы керек. Көліктеріміз Comfort және Comfort+ деңгейінде қызмет көрсетеді. Электронды коммерция мен тамақ жеткізу қызметі өскен сайын курьерлерге де сұраныс арта түседі. Сондықтан жеткізудің жаңа тәсілдерін дамыту маңызды. Қазір роботтар «Самал» шағынауданындағы қоймадан 1,5-2 шақырым радиуста жұмыс істейді. Кейін бұл қызметті «Алтын квадрат», Атакент және қаланың басқа аудандарында іске қосуды жоспарлап отырмыз», – деді компания директоры.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



МЕРЕЙ

Кей адамдардың өмірбаяны дипломнан, ғылыми атақтар мен ұзын-сонар ғылыми еңбектер тізімінен басталады. Ал кей адамдардың өмірбаяны балалық шағынан бастаған дұрыс. Жұмабай Байнатовтың да өмір суретін балалық шағынан бастаған орынды.

Жұмабай өте кедей отбасында өсті. Мектептегі каникул кезінде екі жыл ауылында қой бақты. Есейген соң қырғыздың «Сусамырында» үш жыл бойы шопан көмекшісі болып жұмыс істеді. Балалық кезінде оның ескі резеңке етігі болды. Талай рет жамалған, қайта-қайта тігілген етік. Ең қызығы, екеуі де бір аяққа арналған етік еді. Мектепке бара жатқанда сыныптаста-



ТАҢҚАЛДЫРА БЕРЕТІН Тұлға

ры мазақ етпесін деп, жолай ауыл бағының дуалына отырып, бір аяғындағы дұрыс етігін көрсетіп қоятын.

Бүгінде осы оқиға өзіне күліп отырып еске алатын, баяғы бір қызық оқиға ғана. Ал ол кезде, әрине, күлетіндей жағдай болмаған. Сол бала етігін аяғына киіп алып, мектепке қарай жүре беретін. Білім іздеп, болашағына қарай адымдайтын. Етік туралы осы оқиға неге екенін білмеймін, бүгінгі Байнатовқа қараған сайын есіме түседі.

Сексен жас – адамның өткеніне көз жүгіртіп, естеліктерімен өмір сүруге толық құқы бар жас. Ал ол әлі де жұмыс істейді, көлік жүргізеді, құрылыс салады, жаңа нәрсе ойлап табады, жазады, кітаптары мен ғылыми жобаларын көрсетеді. Өз қолымен салған үш қабатты саяжайы әлдеқашан жәй ғана қала сыртындағы үй болудан қалған. Мұнда кітапхана да, мұрағат та, шеберхана да, өзінің өміріне қатысты дүниелер сақталған шағын музей де бар.

Бәрі басқаша басталған

Қарапайым ауыл балалығын көрген ол біртіндеп үлкен ғылымға келді. Мектептен кейін ветеринария мен зоотехнияға байланысты техникумда оқыды. Сонымен қатар, Мәскеуде сырттай стенографияны меңгерді. Бүгінгі күні болашақ инженерге стенографияның не қажет болғанын түсіну қиын. Бірақ осының өзінен оның мінезі көрінеді: ол ертең қажет болуы мүмкін білімнің бірін де артық санамаған (Инженерлік саладағы еңбегі үшін 2024 жылы Инженерлік академияның Үлкен алтын медалімен марапатталды).

Одан кейін оның өмірінде құрылысқа байланысты жаңа жол ашылды. 1970 жылы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтын бітіріп, құрылыс механикасы кафедрасында жұмысын жалғастырды. Жас маман кәсібіне біртіндеп бой үйретті. Бірақ алған біліміне тоқтап қалуды ойлаған жоқ. Киев, аспирантура, кандидаттық диссертация, жаңа қызметтер, жаңа кафедралар. Одан кейін Мәскеу және докторлық диссертация. Маңыздысы, ол ешбір кезеңде «осымен болды» деп тоқтаған жоқ. Үнемі алға ұмтылды, зерттеді, пікір таластырды, шешім іздеді, тапқанын тәжірибеде тексерді. Оның берік әрі тиянақты мінезі де осылай қалыптасқан шығар.

Өмір өзгерсе де, принципі өзгермеді

Байнатов – тура сөйлейтін, принципшіл, жағдайға қарай бейімделе салмайтын адам. Әсіресе, бұл қасиеті жоғары оқу орындарында анық байқалды. «Сендер оқытасыңдар, ал бағаны біз қоямыз» деген астыртын тәртіп бар жерде ол оған көнбеді. Студент пәнді білсе – тиісті бағасын алды, білмесе – ешқандай қоңырау мен өтініш жағдайды өзгерте алмады. 2007 жылы Ғылым министрлігінің мойындауымен жоғары оқу орнының үздік оқытушысы атанды.

Мұндай ұстаным оның өмірін әрдайым жеңілдете берген жоқ. Институттар мен университеттер ауысты, ал оның принципі өзгермеді. Ол жұмыс барысында өз ұстанымынан бас тартуды талап еткен жерде бейімделе алмайтын адам еді. Бәлкім, сондықтан оның өмірбаянында қызмет те

көп: оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, декан, проректор. Қызметтер өзгерді, ал адал еңбек ету әдеті өзгерген жоқ.

Сел атаққа қарамайды

Оның сел туралы негізгі ғылыми тақырыбы оған жәй ғана академиялық мамандану болған жоқ. Алматы Алатауының етегінде тұр. Мұнда таулар әдемі көрініс қана емес, нақты қауіп те. Сел ғылыми атаққа қарамайды: таудан гүрс етіп құлаған кезде оның алдында кім тұрғаны, қанша диссертация жазғаны маңызды емес. Оны дереу тоқтату керек. Селден қорғау құрылыстары кейін оның докторлық диссертациясының негізгі тақырыбына айналып, «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атағын алуына жол ашты.

Байнатов мұндай жағдайда инженер істеуге тиіс нәрсені жасады: табиғат стихиясына төтеп бере алатын құрылыс іздеді. Осылайша оның селден қорғау саласындағы жобалары пайда болды. Солардың ішінде Алматы облысының бірнеше жерінде салынған аркалы құрылыстар бар. Бірі – Үлкен Алматы өзенінің арнасындағы Көкшоқы шатқалында, басқалары – Қарасай ауданындағы Ақжардың маңында және Еңбекшіқазақ ауданындағы Қайназарда.


1997 жылы Алматы сәулет-құрылыс институтының жетістіктер көрмесінде Байнатовтың селден қорғау құрылымының моделі Нұрсұлтан Назарбаевқа таныстырылып, жоғары баға алды. Бірақ инженер үшін маңыздысы басқа еді: оның идеясы кабинеттен шығып, өзінің болуы тиіс жеріне, яғни табиғат стихиясының алдына барды.

Кейін Мәскеу мемлекеттік университетінің «ТМД елдеріндегі сел құбылыстары және олармен күресу шаралары» атты каталогына 88 ғылыми еңбегінің атауы мен аннотациясы енді. КСРО Мемлекеттік құрылыс комитетінің 1988 жылғы №11 ақпараттық жинағында (Мәскеу) селден қорғау құрылыстарына қатысты КСРО-ның 51 авторлық куәлігінің сипаттамасы мен сызбасы берілген. Соның 18-і – Байнатовтікі. Яғни 35 пайыз.

Сан салалы бағыт, бір мақсат

Одан әрі ғалымның ғылыми өмірбаяны түрлі бағыттарға өрбиді. Бірақ ішкі принципі өзгермейді. Оған конструкцияларды сейсмикалық күшейту құрылғылары, қардан қорғайтын құрылыстар, көпір конструкциялары, көтермелі көпірлер, метро элементтері қызықты болды. Басқалар баяғы қалыптасқан жолмен жұмыс істеуге үйренген жерде ол жаңа инженерлік шешімдер іздеді. Сосын мүлде күтпеген нәрсе пайда болады – екі тік орналасқан роторы және төрт генераторы бар жел қондырғысы. Мұнда да оның қолтаңбасы сол күйінде қалды: табиғат күшін алып, оны адам игілігіне жарату.

Ол киіз үйден де көшпелі өмірдің естелігін ғана емес, инженерлік міндетті көрді. Осылайша екі қабатты киіз үй пайда болды. Дәстүрлі баспана қазіргі адамның тұрғысынан қайта қарастырылды. Кеңістікті тиімді пайдалануға тырысты, үйреншікті пішінді жаңа мазмұнмен ұштастырды. Байнатовтың киіз үйлерге байланысты бес патенті бар.



Міне, осы тұста оның барлық өнертабысын тізіп шығудың мәні жоқ екенін түсінесіз. Олар тым көп. Әрқайсысының артында орасан еңбек, сансыз есеп және бір ғана әдет тұр: проблеманы көру және оның жанынан жәй ғана өтіп кетпеу. Ғалымның артында мыңнан астам ғылыми жарияланым, алпысқа жуық кітап, КСРО, Қазақстан, Ресей және Еуропа елдерінің 130 авторлық куәлігі мен патенті бар. Оқулық жазғаны үшін А.Байтұрсынұлы атындағы Алтын медальмен марапатталған. Бірақ Байнатов үшін осы цифрлардың әрқайсысының артында көп публикация жинауға деген құштарлық емес, басқа нәрсе сезіледі. Ұзақ жылдарға созылған мақсатынан таймау.

Жұптасқан тағдыр

Оған керегі – идеясының өмірде қалай жұмыс істейтінін көру. Сондықтан оның қағазда ғана қалмаған жобалары ерекше маңызды. Байнатовты түсіну үшін аса маңызды тағы бір тарих бар. Ол – оның отбасының тарихы. Аягүл Төреқызы екеуі Жамбыл облысының Түкескен колхозындағы студенттік құрылыс отрядында танысқан. Жұмабай Алматыға кетемін деген кезде Аягүл: «Ешкімді танымайтын бейтаныс қалада не істейміз?» деп сұрады. Бұл табиғи сұрақ еді. Ал Байнатов өзіне тән мінезбен жауап берді: «Ешкімді танымайтын жерге баратын болсақ, неге бірден астанаға бармасқа?».

Сөйтіп, 1976 жылы олар Алматыға келді. Бүгінде бұл сөз тағдырдың ирониясы сияқты естіледі. Ол кезде бұл қалада оларды қанша жұмыс, кездесу, қиындық, жетістік пен отбасылық қуаныш күтіп тұрғанын білген жоқ. Аягүл Төреқызының да өзіне тиесілі үлкен кәсіби жолы болды. Ол бүкіл саналы ғұмырын мектепке арнады, көп жылдар бойы Ыбырай Алтынсарин атындағы әйгілі қазақ мектебін басқарды және оны қала мен елдегі үздік мектептердің қатарына қосты. Ол Қазақстанның Еңбек Ері. Бірақ әңгіме барысында өз еңбегін алға тартпайды. Ол оқушылары туралы әлдеқайда ықыласпен айтады.

Бұл жағынан екеуі бір-біріне ұқсайды. Байнатов үшін өзінің шынымен білетін сту-

дент маңызды. Аягүл үшін мектеп өз жолын табуға көмектескен оқушы маңызды. Екі адам, әрқайсысы өз кәсібінде, ондаған жыл бойы бір ғана нәрсені – адал еңбекті ту етті. Сондықтан олардың отбасы тарихы айрықша, әрқайсысының өз өмірі, өз еңбегі, өз аты бар.

Олардың үш баласы бар – екі қыз, бір ұл. Осы үш баланың артында ондаған жылдық қарапайым отбасылық өмір, қуаныш, қамқорлық, әңгіме, есею, әрқайсысының өз жолы жатыр. Ал осы уақыттың бәрінде қасында өз кәсіби өмірін үлкен әрі күрделі жолмен өткерген екі адам болды.

Бір ғана өмір аздық етеді...

Сексен жас – салмақты цифр. Бірақ оның жанында бұл сан неге екенін білмеймін, нүкте құрлы көрінбейді. Ол әлі де көлік айдайды, шаруамен жүреді, қонақ қабылдайды, өз жобаларын көрсетеді, ғылым туралы айтады, кезінде бірге жұмыс істеген адамдарды еске алады да, бір сәтте жаңа бір идеяға ауысып кетеді.

Ол өзін тірі ескерткішке айналдыруға тырыспайды. Бұл – оның маған ұнайтын қасиеттерінің бірі. Адам соншама еңбек жасап, баяғыда-ақ тек жетістіктерімен өмір сүруіне мүмкіндік ала алатын еді. Бірақ оған бұл жәй ғана қызық емес сияқты. Бәлкім, оның мінезінің құпиясы да осында шығар. Ғылыми дәрежелер – екінші орын да. Патенттер де солай. Тіпті, салынған құрылыстар мен жазылған кітаптардың өзі, қанша маңызды болғанымен, Жұмабай Байнатовтың кім екенін толық түсіндіріп бере алмайды. Оны түсіндіретін нәрсе – оның іске деген көзқарасы.

Бір кездері кедей отбасынан шыққан бала ескі резеңке етікті киіп алып, мектепке кетті. Содан кейінгі өмір жолында институт, Киев, Мәскеу, диссертациялар, кафедралар, студенттер, кітаптар, өнертабыстар, таулар, селден қорғау құрылыстары, патенттер, отбасы, балалар, Алматы болды.

Өнертапқыштық саласында Жұмабай Байнатов ең жоғары нәтижеге жетті: «КСРО өнертапқышы», «Қазақстан өнертапқышы» атақтарын алды, 2024 жылы грант иегері атанды. Оның «Өнертабыс – бизнес емес, бұл – менің өмірім» деп әзілдейтіні де сондықтан.

Ал бүгін алдымда сексен жасқа келген, әлі де ойшыл, өнертапқыш, қағілез адам отыр. Етіктер әлдеқашан өткен шақта қалды. Бірақ сол кедей отбасының баласы жоғалып кеткен жоқ сияқты. Ол жәй ғана есіп, білім алды, ғалым, өнертапқыш, профессор болды, үй салды, көп кітап жазды, бала тәрбиеледі. Ең бастысы – сол баяғы әдетін сақтап қалды: екі етігі бір аяққа арналған болса да, жолдың ыңғайлы болуын күтпей, тағдыр берген жолмен жүре беру. Бәлкім, сондықтан ол әлі де жол үстінде.

Не дейсің?! Сапарыңыз сәтті болсын!

Бигелді ҒАБДУЛЛИН.

БІЗДІҢ СҰХБАТ



Қазіргі күнде діни саның біржақтылығын анықтауыңдайтын діни радикализм өзекті күйде тұр. Өкінішке қарай, бұл үдерістен Орталық Азия елдері мен Қазақстан да шет қалып отырған жоқ. Алматы қалалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі, PhD доктор Нұрлан

Орынбековпен сұхбатымызда қоғамдағы зайырлылық ұғымына қатысты жалаң түсініктер мен қазіргі діни радикализмнің цифрлық кеңістікке ету қауіптері туралы сөз қозғадық.



«ДІНДАРЛЫҚ ПЕН РАДИКАЛИЗМ БІР ҰҒЫМ ЕМЕС»

Зайырлылықты дұрыс түсініп жүрміз бе?

Цифрлық кеңістікке ойысты

– Нұрлан Аманғазыұлы, зайырлы ел қағидатын кей азаматтар «дінге тыйым салу» деп түсінетіндей. Әңгімемізді осыдан бастасақ...

– Мұндай қате түсінік зайырлылықтың мәнін тар мағынада қабылдаудан туындайды. Сондықтан түсіндіру жұмыстарында ең алдымен «зайырлылық – дінсіздік» деген қате түсінікті өзгерту қажет. Азаматтарға зайырлы мемлекетте адамның дінді ұстануға да, ешбір дінді ұстанбауға да құқығы бар екенін қарапайым мысалдар арқылы түсіндірген дұрыс. Мемлекеттің міндеті белгілі бір дінді қолдау немесе оған қарсы күресу емес, заң алдында барлық азамат пен діни бірлестіктерге ортақ әрі тең талаптарды қамтамасыз ету.

Екіншіден, түсіндіру жұмыстары тек дәріс пен ресми кездесулермен шектелмеуі керек. Жастар арасында ашық пікірталастар, кездесулермен қатар, әлеуметтік желілерге бейімделген қысқа бейнематериалдар, нақты сұрақтарға жауап беретін сараптамалық контент қажет. Қоғамға жеткізілетін басты ой өте қарапайым: зайырлылық – дінге қарсы ұстаным емес, әртүрлі дүниетанымдағы азаматтардың бір мемлекетте тең құқықпен және өзара құрметпен өмір сүруі. Осы түсінік қоғамдық санада орныққанда ғана теріс көзқарас біртіндеп өзгереді.

– Қазір Алматыда діни радикализмге қатысты қандай қауіптер бар? Кейінгі жылдары олардың сипаты өзгерді ме?

– Иә, едәуір өзгерді. Бұрын радикалдану көбіне белгілі бір орта, бейресми діни топтар немесе тікелей уағыз арқылы жүрсе, қазір оның маңызды бөлігі цифрлық кеңістікке ауысты. Бұрын адамның радикалды ортаға түсуіне жеке уағызшының, белгілі бір топтың немесе тікелей қарым-қатынастың ықпалы басым болса, бүгінде әлеуметтік желілер, мессенджерлер мен жабық онлайн қауымдастықтардың рөлі артып отыр. Бұл Алматы сияқты ірі мегаполис үшін де маңызды мәселе. Қалада жастар мен студенттер көп, ақпараттық ағын өте жоғары.

Діни білімі жоқ адам әлеуметтік желідегі кез келген діни контентті сенімді ақпарат ретінде қабылдап қалуы мүмкін. Оның үстіне радикалды мазмұн әрдайым ашық түрде берілмейді. Кей жағдайда ол діни-ағартушылық немесе мотивациялық контент түрінде басталып, біртіндеп тәзімсіздікке, қоғамнан оқшаулануға немесе радикалды көзқарастарға жетелеуі ықтимал. Бірақ бір нәрсені нақты ажыратып айтуымыз керек: діндарлық пен радикализм бір ұғым емес. Адамның діни ұстанымының күшеюін автоматты түрде радикалдану деп бағалау қате.

Біз радикалды идеялардың салдарымен ғана емес, адамның оған не себепті сенетіндігімен жұмыс істеуіміз керек. Жастардың діни сауатын, сыни ойлауын және медиасауатын арттыру маңызды. Қазіргі жағдайда радикализмнің алдын алу жұмысы мешітте немесе аудиторияда ғана емес, цифрлық кеңістікте де жүйелі жүргізілуі қажет.

Жастардың «портреті» қандай?

– Жастардың радикалды діни идеяларға тартылуына қандай факторлар көбірек әсер етеді?

– Оны бір ғана фактормен түсіндіру дұрыс емес. Әдетте, бірнеше жағдай қатар әсер етеді. Халықаралық зерттеулер мен БҰҰ Даму бағдарламасының тәжірибесі көрсеткендей, жастардың радикалды идеяларға осалдығына тек діни білімнің жеткіліксіздігі емес, әлеуметтік теңсіздік, жұмыс пен даму мүмкіндіктерінің шектеулілігі, қоғамнан шет қалу сезімі сияқты жағдайлар да әсер етуі мүмкін. Қазір бұған интернет факторы да қосылды. Жас адам дінге қызығушылық танытып, бірақ сенімді діни білім көзіне жүгінбесе, әлеуметтік желідегі харизмасы күшті уағызшының немесе жабық топтың ықпалына түсуі мүмкін. Алматыдағы профилактикалық жұмыстарда да интернет пен әлеуметтік желілер арқылы жастар психологиясына ықпал ету мәселесіне ерекше назар аударылып отыр.

Меніңше, радикалдануға бейім «жастың портретін» іздеуден гөрі, адамды радикалды идеяға жеткізетін жағдайларды ерте анықтау тиімді. Өйткені, радикалдануды адамның әлеуметтік мәртебесімен ғана түсіндіруге болмайды, ол белгілі бір жағдайда адамның басынан өткерген қиындықтарын радикалды топтар өз мақсатына пайдалануымен де байланысты.

– Жалған діни насихат пен дәстүрлі діни білімнің аражігін қалай ажыратуы керек?

– Қазір діни ақпараттың көлемі өте көп. Әлеуметтік желіде өзін дін маманы ретінде көрсеткен әр адамның сөзі дұрыс немесе сенімді деген сөз емес. Сондықтан алматылықтарға, діни ақпаратты қабылдағанда, ең алдымен оның қайдан шыққанына, кім айтып отырғанына және қандай мақсатты көздейтініне назар аударуға кеңес берер едім. Сенімді діни білімнің маңызды белгісі оның ашықтығы мен жауапкершілігі. Ақпаратты таратушы адамның діни білімі, қандай мекемеге немесе діни бірлестікке қатыстығы, айтқан пікірінің қандай дереккөздерге негізделгені анық болуы керек. Бір ғана қысқа видеоға немесе әлеуметтік желідегі танымал уағызшының сөзіне сүйеніп, діни қорытынды жасау қауіпті.

Сонымен қатар, «дәстүрлі» деген сөзді де дұрыс түсінуіміз керек. Кез келген ұлттық салт-дәстүр автоматты түрде діни қағида емес, сол сияқты дін атынан айтылған кез келген пікір де діни білім болып саналмайды. Сондықтан күмән туындаған жағдайда әлеуметтік желіден тағы бір кездейсоқ жауап іздемей, ресми діни ұйымдарға, білікті теологтар мен мамандарға жүгінген дұрыс. Менің ойымша, бүгінгі қоғамға «не нәрсеге сену керек?» дегеннен бұрың «ақпараттың сенімділігін қалай тексеру керек?» деген дағдыны үйрету маңызды.

Көпшілік мойындаған шындық

– Діни тақырыптағы арандатушы ақпаратқа адамдар тез сенеді. Мұның астарында діни сауатсыздықтан басқа себептер де бар шығар...

– Оны тек діни сауатсыздықпен түсіндіру жеткіліксіз. Мұнда психологиялық, әлеуметтік және ақпараттық факторлар қатар әсер етеді. Біріншіден, діни тақырып адамның сенімі, құндылығы, өмір мен өлім, әділеттілік сияқты терең мәселелермен байланысты болғандықтан, эмоциялық реакция туғызады. Ал қорқыныш, ашу немесе алаңдаушылық тудырған ақпаратты адам кейде тек-

серместен қабылдап, өзгелермен бөлісуі мүмкін. Арандатушы контент жасаушылар дәл осы эмоциялық механизмді пайдаланады. Екіншіден, адамның өз көзқарасына сәйкес келетін ақпаратқа көбірек сенуге бейімділігі бар. Егер әлеуметтік желіде бір пікірді қайта қайта көрсе, ол пікір дәлелденбесе де, бірте-бірте «көпшілік мойындаған шындық» сияқты қабылдануы мүмкін.

– Киімге қатысты қоғамда түрлі пікір бар. Бұл мәселе Алматыда қаншалықты жиі көтеріліп жүр?

– Діни сипаттағы киім мәселесі Алматыда да ара-тұра қоғамдық пікірталасқа шығып отырады. Әсіресе, оқу жылы басталған кезде мектеп формасы мен діни киімге қатысты сұрақтар жиі қойылады. Соңғы кезеңде бұған қоғамдық орындарда бет-жүзді толық жабатын киімге қатысты заңнамалық талаптар да қосылды. Бірақ Алматы бойынша осы мәселеге қатысты өтініштер мен даулардың нақты саны ашық деректерде жеке көрсетілмейді. Сондықтан қалада мұндай жағдайлар күрт көбейді деп айтуға негіз жоқ.

Бұл жерде халыққа ең алдымен екі мәселенің айырмашылығын түсіндіру қажет. Қазақстанда діни киімге жалпы тыйым жоқ. Қоғамдық орындарда адамның бет-жүзін тануға кедергі келтіретін киімге шектеу қойылған. Бұл норма қоғамдық қауіпсіздік мақсатында енгізілген. Ал бет-жүзі ашық діни киімге бұл шектеу қолданылмайды.

Мектепке қатысты талап бөлек. Орта білім беру ұйымдарында белгіленген мектеп формасы сақталуға тиіс және оған діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға жол берілмейді. Бұл талап қандай да бір дінге арнайы бағытталмаған, барлық дін өкілдеріне ортақ.

– Соңғы уақытта басқармаға тұрғындардан дін мәселесіне байланысты қандай сұрақтар жиі түседі?

– Тұрғындарды толғандыратын мәселелердің ауқымы кең. Соның ішінде діни әдебиеттерді тарату тәртібі, діни киімге қатысты талаптар, мектептегі зайырлылық қағида-ты, интернеттегі діни контенттің сенімділігін анықтау, күмәнді діни топтар мен уағызшыларды қалай ажыратуға болатыны жөніндегі сұрақтар өзекті.

Ата-аналар тарапынан балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік желілерден көретін діни контентіне қатысты алаңдаушылық та бар. «Балам белгілі бір уағызшыны тыңдап жүр, оның бағыты дұрыс па?», «Қандай діни әдебиеттерге тыйым салынған?», «Интернеттегі діни парақшаның сенімділігін қалай тексеруге болады?» деген мазмұндағы сауалдар қазіргі әлеуметтік желілердегі жаңа мәселелерді көрсетеді.

Меніңше, мұндай сұрақтардың көбеюін жалқы проблема ретінде қарастыру дұрыс емес. Керісінше, азаматтың күмән туған кезде кездейсоқ әлеуметтік желіден жауап іздемей, мамандар мен құзырлы органдарға жүгінуі дұрыс қадам. Қазіргі жағдайда дін саласындағы профилактиканың маңызды бөлігі тыйым салу ғана емес, азаматқа сенімді ақпаратты дер кезінде ұсыну.

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

(Сурет: ЖИ)

ВАКЦИНА

Тұмау жаппай бас көтеретін уақыт таяп келеді. Сондықтан қаладағы медициналық ұйымдар күшейтілген режимде жұмыс істеуге көшті. Осы бағытта қабылданып жатқан іс-шаралар туралы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Ләйлә Иманғалиева Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында айтып берді.

Тұмаудың алдын аламыз

Балалар қалалық клиникалық инфекциялық ауруханасы мен оның екі бөлімшесінде тәулік бойы мамандандырылған медициналық көмек көрсетіледі. Барлығы 360 төсекке арналған 11 бөлімше жұмыс істеп тұр, қажет болған жағдайда, қорда тағы 67 төсек қарастырылған. Дәл қазір аталған ауруханада ЖРВИ диагнозымен 263 бала ем алып жатыр. Оның 60-ында пневмония анықталған. Жансақтау бөлімінде төрт бала бар, олардың екеуі өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған.

Осы ретте Балалар қалалық клиникалық инфекциялық ауруханасының базасында балалардың инфекциялық аурулары бойынша Құзыреттер орталығы ашылғанын атап өткен жөн. Орталық инфекциялық аурулары бар балаларға көрсетілетін мамандандырылған көмекті жетілдіру, телемедициналық консультацияларды енгізу, мамандар арасында тәжірибе алмасу мен медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында құрылған.

Ересектерге медициналық көмек көрсету үшін С.Жекенова атындағы қалалық клиникалық инфекциялық ауруханада 200 төсек-орын дайындалған, қажет болған жағдайда, тағы 50 резервтік төсек қарастырылған. Қазір онда ЖРВИ диагнозымен 59 пациент ем алып жатыр, оның ішінде 15-і – жүкті әйел. Сондай-ақ, пневмониямен түскен тағы бес ересек пациент бар. Жансақтау бөлімі мен өкпені жасанды желдету аппаратында жатқан пациенттер жоқ. Тұмаудың алдын алу мақсатында жергілікті бюджет есебінен «Гриппол Плюс» үшвалентті вакцинасының 250 мың дозасы сатып алынды. Тегін вакцинация тәуекел топтарына жататын азаматтарға қарастырылған. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гаухар Қаткенова осылай деді. Препарат тұмау вирусының үш түрінен, яғни А типінің екі және В типінің бір түрінен қорғануға арналған.

Қауіп тобына жататын азаматтарды вакцинациялау науқаны алдағы 30 қарашаға дейін өткізілмек. Бұл маусымдық сырқаттанушылықтың өсуіне дейін иммунитет қалыптастыруға сеп болады.

Нұр ЖАМАЛ.

АКЦИЯ



Алматыдағы Арбатта Дүниежүзілік сүйек кемігі доноры күніне арналған «Өмірге араша түсу үшін донор бол» атты акция өтті.

Іс-шараның мақсаты – көпшілікке сүйек кемігі донорлығы туралы түсінікті ақпарат беру және донор болудың маңызын көрсету. Акция барысында дәрігерлер, донорлар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен еріктілер гемопоэздік дің жасушаларының донорлығы туралы айтып берді. Сондай-ақ, Қазақстандағы сүйек кемігі донорларының тіркеліміне қалай қосылуға болатынын түсіндірді.

Іс-шараның ең әсерлі сәттерінің бірі – донор Мұхтар мен реципиент Алексии Властемирдің кездесуі болды. Бұған дейін бір-бірін танымайтын екі адамды ортақ генетикалық сәйкестік байланыстырған. Олардың оқиғасы донор болу туралы шешімнің басқа адамның өміріне қаншалықты маңызды әсер ететінін көрсетті.

Қазақстанда қан жасушаларын түзетін дің жасушаларын науқасқа ауыстырып салу отасы 2012 жылдан бері жасалып келеді. Осы уақыт ішінде Алматыдағы Педиатрия орталығында балаларға 350-ден астам трансплантация жасалған.

Медицина ғылымының кандидаты, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас балалар онколог-

АЛЛЕЯ

НӘРЕСТЕЛЕРДІҢ АЛМА БАҒЫ

Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында «Нәрестелер алма бағы» ашылды. Аллеяның дәл осы орталық аумағында ашылуының өзіндік мәні бар.

Бұл медициналық мекемеде дүние есігін енді ғана ашқан бөбектер мен түрлі ауруға шалдыққан балаларға, соның ішінде жоғары технологиялық емдеуді



Нұржамал ӘЛІШ.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Президент жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының бастамасымен, АҚШ Ұлттық инженерия және медицина академиясы мен Халықаралық ғылыми-техникалық орталықтың Қазақстандағы филиалы бірлесіп, «Орталық Азиядағы медицина ғылымдары саласындағы деректерді басқарудың озық тәжірибесін жүйелендіру» атты ғылыми конференция өткізді.

Медицинадағы трансформация

С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде болған іс-шараға Вячеслав Локшин, Дияра Қайдарова, Ләззат Ералиева секілді белгілі профессор-ғалымдар, медициналық жоғары оқу орындарының, денсаулық сақтау және биотехнология салаларының өкілдері қатысты.

Конференция сарапшылары баяндамаларында репродуктивті медицинада жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану, биотехнология саласындағы ғылыми деректерді басқару, клиникалық практикадағы цифрлық деректер, сондай-ақ жасанды интеллект пен үлкен деректердің медицина ғылымдары мен денсаулық сақтау жүйесіндегі мүмкіндіктері туралы өзекті мәселелерді көтерді.

Іс-шара барысында АҚШ Ұлттық инженерия және медицина академиясымен бірлескен жұмыстың келесі кезеңдері де талқыланды. Атап айтқанда, медицина ғылымдары саласындағы деректерді басқарудың тиімді тетіктерін зерделеу, цифрлық технологияларды ғылыми зерттеулерге енгізу және Қазақстан мен Орталық Азия өңірінде ғылыми деректермен жұмыс істеудің заманауи тәсілдерін дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

– Еліміздегі биомедициналық деректерді тиімді басқару – медицина ғылымдарын цифрлық трансформациялаудың маңызды құрамдас бөлігі. Бұл бағыттағы халықаралық тәжірибе мен сараптамалық әлеуетті пайдалану ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға және жаңа цифрлық шешімдерді енгізуге мүмкіндік береді, – дейді медицина ғылымының докторы, профессор Ләззат Ералиева.

Н.ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ

Дана САДЫРҚАН.

Құқықтық тәрбие

Алматы қаласындағы Арнайы Білім беру орталығында Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған тағылымды кеш өтті.

Іс-шараға Алматы қалалық Полиция департаментінің Ювеналдық полициясы, Әуезов аудандық полиция басқармасының қызметкерлері және Балалар құқығын қорғау саласының өкілдері қатысты. Бұл кештің басты кейіпкерлері – өмірдің бұралаң жолдарында қателесіп, сүрінсе де, қайта тұрып, дұрыс бағыт іздеген жас жеткіншектер. Сондықтан іс-шараның мазмұны да ерекше мәнге ие болды. Абай мұрасы балаларға әдеби шығарма және өмірлік бағдар беретін рухани құндылық ретінде ұсынылды.

Кеш барысында Балалар құқығын қорғау уәкілеттігінің өкілдері, полиция қызметкерлері мен тәрбиеленушілер ортаға шы-

ғып, ақын өлеңдерін кезектесе оқыды. Әсіресе, балалардың «Желсіз түнде жарық ай» мен Абайдың қара сөздеріндегі өмірлік даналықты өз жүректерінен өткізе оқығаны көпшілікті тебірентті. Абай поэзиясы әр баланың жанына үміт ұялатар алтын көпірге айналды.

Кездесу барысында құқық қорғау органдарының өкілдері жасөспірімдерге заң талаптарын қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізді. Тәрбиеленушілер де өз кезегінде көкейлерінде жүрген сұрағын қойып, оған жауап алды. Кеш барысында Арнайы ұйым тәрбиеленушілері Абай ілімінің негізгі өзегі – саналылық, әділдік пен адамгершілік екенін ұғып, үлкен өмірге деген сенімдерінің нығая түскенін жасырмады.

Рухани азық пен құқықтық сауаттылық ұштасқан бұл іс-шара әр баланың жүрегіне ізгілік дәнін сеуіп, дұрыс жолға бағыт берері анық.

Рая ЕСКЕНДІР.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

«Алматы электр станциялары» АҚ А.Жақұтов атындағы 2-ЖЭО өндірістік департаментінің Кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдарына қатысты Экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы бойынша жария талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 2 қазаннан бастап 5 жұмыс күні ішінде, Қазақстан Республикасының қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде өтеді, <https://ndbecology.gov.kz>.

Жобаны әзірлеуші: «Институт «КазНИПИЭнергпром» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 58 А, БСН 910840000078, байланыстағы тұлға: Юлия Нестерова, e-mail: u.nesterova@kneп.kz, 8 701 210 98 00.

Бастамашы: «АлЭС» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ, Достық даңғылы, 7, БСН 060640001713, байланыстағы тұлға: Зоя Арзюкова, e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-04-73.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен Қазақстан Республикасының қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде және Алматы қаласының Экология және қоршаған ортаны қорғау басқарамасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/1?activities=38378&lang=ru>, «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«ҚАУІПСІЗДІК КОДЫ: 102-111-150»

республикалық профилактикалық акциясы өтіп жатыр

23–25 қыркүйек аралығында Алматы қаласының аумағында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық сауаттылықты арттыру және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Қауіпсіздік коды: 102-111-150» республикалық профилактикалық акциясы өткізіледі.

Акцияның негізгі мақсаты – азаматтарға қиын жағдайға тап болған кезде қажетті көмекке жедел жүгіну жолдарын түсіндіру, құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалар мен әйелдердің құқығын қорғауға бағытталған мемлекеттік қолдау тетіктері туралы ақпараттандыру.

Әрбір азамат қауіп төнген жағдайда немесе құқық бұзушылыққа куә болған кезде төмендегі сенім телефондарына хабарласа алады:

102 – Полиция. Тәулік бойы жұмыс істейді. Құқық бұзушылықтар, қылмыстар және азаматтардың қауіпсіздігіне қатысты шұғыл жағдайлар бойынша хабарласуға болады.

111 – Отбасы, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау мәселелері бойынша бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығы. Тәулік бойы жұмыс істейді. Отбасы, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайларға байланысты мәселелер бойынша көмек көрсетіледі.

150 – Балаларға, жастарға және зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдарға арналған ұлттық сенім телефоны. Тәулік бойы жұмыс істейді. Психологиялық және ақпараттық қолдау қажет болған жағдайда жүгінуге болады.

Қауіпсіздік – баршаға ортақ жауапкершілік. Құқық бұзушылықтың алдын алу мен зорлық-зомбылыққа жол бермеу үшін әр азамат сергек болып, қажет болған жағдайда тиісті қызметтерге дер кезінде хабарласуы маңызды.

Есте сақтаңыз: 102 – полиция, 111 – отбасы мен балаларды қорғау, 150 – сенім телефоны.



Төлем және қазынашылық құжаттарды жасанды интеллект жүйесіне (ЖИ) енгізу

Жасанды интеллект – төлем және қазынашылық құжаттарды өңдеудегі жаңа қадам. Бүгінде цифрлық технологиялар мемлекеттік органдар мен ұйымдардың күнделікті жұмыс үдерістерін айтарлықтай өзгертіп келеді. Осы бағыттағы перспективалы бағыттардың бірі – төлем және қазынашылық құжаттарды өңдеу үдерісіне жасанды интеллектіні (ЖИ) енгізу.

Күн сайын мамандар көптеген шарттармен, төлем шоттарымен, орындалған жұмыстардың актілерімен, қосымша келісімдермен және басқа да құжаттармен жұмыс істейді. Олардың әрқайсысын мұқият тексеріп, өзара салыстырып, ықтимал қателерді анықтап, содан кейін ғана одан әрі өңдеуге жіберу қажет. Мұндай жұмыс мамандардан көп уақытты, жоғары жауапкершілікті және зейінділікті талап етеді.

Жасанды интеллектіні пайдалану үдерісті жеделдетіп, жұмысты жеңілдетуге мүмкіндік алу. ЖИ құжаттардағы ақпаратты автоматты түрде танып, деректемелердің дұрыс толтырылуын тексеріп, шарт пен төлем құжаттарындағы мәліметтерді салыстырып, ықтимал сәйкессіздіктерді анықтай алады.

Мысалы, төлем құжатын өңдеу кезінде жүйе міндетті құжаттың тіркелмегенін, сомалардың сәйкес келмейтінін, деректемелерде қате бар екенін немесе шарттағы мәліметтермен сәйкессіздік орын алғанын маманға алдын ала көрсете алады. Бұл құжатты әрі қарай өңдеуге жібермей тұрып, анықталған қатені дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

ЖИ-ді енгізу шарттар мен қосымша келісімдерді тіркеу кезінде де ерекше маңызға ие болуы мүмкін. Бүгінде құжаттарды және оларға қатысты түсіндірмелерді дайындау кей жағдайда едәуір уақытты талап етеді. Болашақта интеллектуалды жүйе қолда бар ақпарат негізінде түсіндірме жазбаның жобасын қалыптастырып, құжаттар топтамасының толықтығын тексеріп, қандай мәліметтерді толықтыру немесе түзету қажет екенін көрсете алады.

Бұл ретте жасанды интеллект маманды толығымен алмастырмауға тиіс. Оның негізгі міндеті – қайталанатын және техникалық операцияларды орындауда маманның көмекшісі болу. Құжат бойынша

түпкілікті шешім қабылдау жауапты қызметкердің құзыретінде қалуы қажет.

ЖИ-ді енгізудің маңызды артықшылықтарының бірі – құжаттарды өңдеу уақытын қысқартумен қатар, жұмыстың сапасын арттыру. Қате неғұрлым ерте анықталса, оны түзетуге соғұрлым аз уақыт жұмсалады. Бұл құжаттарды қайтару жағдайларын азайтып, үдеріске қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллектіні енгізу құжаттарды өңдеудің бірыңғай цифрлық тәсілін қалыптастыруға да жол ашады. Жинақталған деректер негізінде жиі кездесетін қателерді анықтап, үдерістің күрделі кезеңдерін белгілеуге және қолданыстағы рәсімдерді одан әрі жетілдіруге болады.

Сонымен бірге, цифрландыру үдерісі кезең-кезеңімен жүзеге асырылуға тиіс. Ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, заңнама талаптарын сақтауға, қолданылатын технологиялардың сенімділігіне және мамандар тарапынан бақылауға ерекше көңіл бөлінуі қажет. Жаңа құралдарды енгізбес бұрын оларды сынақтан өткізіп, жасанды интеллектіні қолданудың нақты тәртібін айқындау маңызды.

Осылайша төлем және қазынашылық құжаттарды өңдеу үдерісіне жасанды интеллектіні енгізу – тек жаңа технологияны пайдалану ғана емес. Бұл жұмыс үдерістерін заманауи, жедел әрі тиімді етуге, мамандарды көптеген қайталанатын жұмыстардан босатып, олардың уақытын күрделі әрі маңызды міндеттерді шешуге бағыттауға мүмкіндік беретін жаңа мүмкіндік.

Цифрлық технологиялардың басты құндылығы – олардың адамға көмектесуінде. Осындай тәсіл ғана жасанды интеллект мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануға және сонымен қатар мамандардың кәсіби жауапкершілігін сақтауға мүмкіндік береді.

А.А.АЗИМЖАНОВА,
Алматы қаласы бойынша мемлекеттік қазынашылық департаментінің бас маман-бас қазынашысы.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**
**«Қазпошта» АҚ Алматы
почтамтына:**

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
**телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз**

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.**
**Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (жұма)**

**Кезекші редактор –
Дастан ҚАСТАЙ**

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Оффсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» ауе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.**



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

ҚАЛА ҚАҒИДАСЫ

Қала күніндегі қазақ тілінің салмағы әлеуметтік желіде де талқыланды. Алматының туған күні биыл әдеттегідей түрлі мерекелік бағдарламамен ғана емес, тағы бір ерекшелігімен есте қалды. Қала күніндегі негізгі концерттің толықтай қазақ тілінде өтуі әлеуметтік желі қолданушыларының назарын аударды. Жүргізушілердің сөзінде, құттықтаулар да, сахнадағы жалпы коммуникация да қазақ тілінде өрбіді. Бұл жайт көпшілік үшін мерекелік бағдарламаның бір бөлігі ғана емес, қаланың өзін таныту тәсілі ретінде қабылданды.

Кейін осы мәселе threads желісіндегі талқылаулардың бірінде қолданушы rufat_k8 өзінің концерттен алған әсерін бөлісті.

«Кеше Алматының туған күніне арналған концертке бардым. Бәрі қазақ тілінде өтті – жүргізушілер де, құттықтаулар да, жалпы атмосфера да. Шынымды айтсам, қатты ұнады. Алматыны қала ретінде ғана емес, өзінің тілі, мәдениеті, тарихы бар бренд ретінде көрсету – өте дұрыс. Әсіресе, қала қонақтары мен туристер үшін бұл Алматыны сезінудің бір жолы», – деп жазды ол.

Жазбаның астына пікір білдіргендер өте көп болды. «Иә, керемет өтті шынында, келген қонақтарым да риза болды» деген пікір қалдырылса, тағы бір қолданушы «Қаланың әр нүктесінде тойланғаны ұнады», «Шынымен мен де осыны байқадым», «Бұрын үнемі екі тілді жүргізуші қойып әуре болатын еді, бұл жолы тек бір тілде болғаны қуантарлық» деп жазған түрлі пікірлер кездесті.

Әрине, әлеуметтік желідегі бірнеше пікірді бүкіл қала тұрғындарының ортақ пікірі деп қабылдау дұрыс емес. Дегенмен, бұл жазбалардан бір нәрсе анық байқалады: мерекелік іс-шараның қай тілде өтеріне жұрт бейжай қарамайды. Қала күнінде тіл мәселесінің алдыңғы орынға шығуы кездейсоқ емес. Себебі, мереке – қаланың өзін тұрғындарына және

сырттан келген қонақтарға танытатын сәттердің бірі. Мұндай кезде қала туралы не айтылатыны ғана емес, оның қалай айтылатыны да маңызды. Алматыны туризм орталығы ретінде таныстырғанда көбіне оның тауы, сәулеті, гастрономиясы, мәдени орындары, шығармашылық ортасы сөз болады. Бірақ қаланың болмысын қалыптастыратын дүниелер мұнымен шектелмейді. Тіл де – сол қаланың мәдени бейнесінің бір бөлігі.

Ал мәдени және қалалық мерекелердің бұл үдерістегі орны бөлек. Себебі, мұндай іс-шараларға әртүрлі жастағы, әртүрлі ортадан шыққан мыңдаған адам қатысады. Сахнадан естілген сөз де, жүргізушінің тілі де көрерменге тікелей әсер етеді. Бұл ретте мәселені «қазақша немесе басқа тіл» деген қарапайым қарама-қарсылыққа айналдырмай, мемлекеттік тілдің қоғамдық кеңістіктегі орнын кеңейту тұрғысынан қараған жөн.

Алматы – көптілді орта қалыптасқан мегаполис. Мұндай қалада түрлі тілдің қатар қолданылуы заңды. Бірақ бұл мемлекеттік тілдің қаланың мәдени өмірінде көрінуіне кедергі болмауы керек. Керісінше, қазақ тілінің қала өмірінде табиғи әрі сапалы қолданылуы Алматының көпмәдениетті болмысына қайшы келмейді. Қайта қаланың өзіндік мәдени сипатын айқындай түседі.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

МАРАФОН

ТУРИЗМГЕ ДЕ ТЫҢ СЕРПІН

Almaty Marathon бүгінде Аспорттан бөлек, туризмнің де жаңа бағытына айналып келеді. 27 қыркүйекте өтетін 15-ші Almaty Marathon осы үрдістің ауқымын тағы көрсетпек.

Биыл жарысқа 60-тан астам елден 16 мың адам қатысады. Оның ішінде 1500-ден астамы – шетелдік жүгірушілер. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте ұйымдастырушылар марафонның спорттық қана емес, экономикалық әсері туралы да айтты.

«Бірінші болу – батылдық» қорының есептеуінше, 2026 жылы Алматыдағы жүгіру іс-шараларының жиынтық экономикалық әсері қазірдің өзінде 15,6 млрд. теңгеге жеткен. Оның шамамен, 3 млрд. теңгесі салық ретінде бюджетке түскен.

Бұл – қаладағы туризм саласынан түсетін барлық салық түсімдерінің 3,3%-ы. Қызығы, марафонға қатысушылардың саны мен қалаға қалдыратын қаражаты бірдей өлшемде емес. Алматыдан тыс өңірлерден келгендер мен шетелдік жүгірушілер барлық қатысушының 21%-ын ғана құраған.

Алайда, олардың шығыны жалпы көрсеткіштің 73%-ына жеткен. Мұнда бір ғана спортшының шығыны есепке алынбайды. Зерттеуге оның жанындағы адамдардың шығыны да кірген. Орта есеппен әр қатысушыға 1,6 еріп жүрушіден келеді. Олар қонақүйге орналасып, қоғамдық тамақтану орындарына барады, көлік қызметін пайдаланады, сауда жасап, қаланың көрікті жерлерін аралайды. Сон-

дықтан марафон күндері стадион мен жарыс жолынан бөлек, қаладағы қонақүйлерде, мейрамханаларда, дүкендерде де қозғалыс байқалады.

Зерттеу бойынша, жүгіру іс-шараларынан ең көп қаражат орналастыру саласына түскен – 3,7 млрд. теңге. Бөлшек сауда – 1,2 млрд. теңге, көлік – 1 млрд. теңге, ойын-сауық – 900 млн теңге, қоғамдық тамақтану 800 млн. теңге көлемінде үлес қосқан.

– Almaty Marathon әлдеқашан бір күндік іс-шарадан әлдеқайда ауқымды жобаға айналды. Қатысушылармен

бірге қалаға олардың отбасы мен достары да келеді. Олар мұнда бірнеше күн аялдап, қонақүйлер мен көлік қызметтерін пайдаланады, мейрамханаларға, дүкендер мен көрікті жерлерге барады. Шетелдік жүгірушілердің басым бөлігі Алматыға қайта келгісі келетіні де маңызды. Осылайша марафон Алматыны жаңа аудиторияға таныстырып, қала экономикасын қолдауға ықпал етеді, – деді «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының атқарушы директоры Салтанат Қазыбаева.

Жарыстың туристік әлеуетін шетелдік қатысушылардың жауабы да аңғартады. Сауалнамаға қатысқан шетелдіктердің 64 %-ы Алматыға келудегі негізгі мақсаты – марафон болғанын айтқан. Тағы 16%-ы үшін жарыс сапар мақсаттарының бірі болған. Яғни марафонға келген шетелдік үшін Алматы тек сөре мен мәре арасындағы

қашықтық емес. Жарысқа дейін және одан кейін қаланы тануға мүмкіндік беретін сапарға айналады.

Биыл марафонның бағыты да жаңарды. 2018 жылдан бері алғаш рет барлық қашықтықтың маршруты толық өзгертілді. 42,2 шақырымдық негізгі қашықтық бір айналымнан тұрып, қаланың орталығы мен тарихи бөлігін қамтиды. Сөре Абай алаңында беріліп, мәре Республика алаңында орналасады. Мерейтойлық жарыста марафон, жартылай марафон, 10 шақырым, скандинавиялық жүріс және командалық Экиден эстафетасы өтеді. 42,2 және 10 шақырымдық қашықтықтарда Қазақстан чемпионаты да ұйымдастырылады. Биылғы халықаралық қатысушылар арасында 2018 жылғы Бостон марафонының жеңімпазы, жапондық Юки Каваучи де бар. Ол Қазақстан мен Орталық Азияға алғаш рет келіп отыр.

16 мың адамның бір уақытта қала көшесіне шығуы, әрине, үлкен ұйымдастыруды қажет етеді. Жарыс кезінде бағыт бойында 7 медициналық шатыр, мәреде 2 госпиталь жұмыс істейді. 12 жедел жәрдем бригадасы, 16 веломедик, 84 медициналық ерікті және 40 дәрігер кезекшілік етеді. Іс-шараға 1500-ден астам ерікті жұмылдырылады.

Демек, Алматыдағы марафонның жолы тек Абай алаңынан Республика алаңына дейін созылмайды. Оның әсері қонақүйден мейрамханаға, көліктен саудаға дейін жалғасып, қаланың туристік тартымдылығына да ықпал етеді.

Аяжан ҚУАНЫШОВА.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

